

ЗАН

№4 | 2025



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ЮРИДИЧЕСКИЙ НАУЧНО-
ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ZANMEDIA.KZ

**ПУТЬ УЧЕНОГО -
ВЕЛИКИЙ ПУТЬ**

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АХПАНОВ А.,
д.ю.н., профессор
АЙТХОЖИН К.К.,
д.ю.н., профессор
ӘБДІРАСҰЛОВ Е.
з.ғ.д. профессор
БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)
МАУЛЕНОВ К.
д.ю.н., профессор
СӘБІКЕНОВ С.,
з.ғ.д. профессор
ДОСАЛИЕВ Қ.,
з.ғ.д. профессор
ШУМИЛОВ В.,
д.ю.н., профессор,
заведующий кафедрой
Всероссийской Академии
внешней торговли

РЕДАКТОРЫ
Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Путь ученого – великий путь	3
Мақсат Халық, қаржыгер-экономист: «Шығындарды жазып отыруды дағдыға айналдыру қажет»	9
Сот жүйесінің қағидаттары қатаң сақталады	13
Пресець неосновательное обогащение	15
Салық саясатын саралау маңызды	16
Жер заңнамасын қолдану	19
Сот жүйесіндегі оң өзгерістер	21
Тіл тағдыры өз қолымызда	23
Медиацияны насихаттау жүйелі жұмысты талап етеді	25
Без сомнений в торжестве справедливости	27
Заң консультанттарының рөлі мен жауапкершілігі	29
Сақтандыру секторының даму қарқыны жоғары	33
Об институте помощника судей	35
Қаламы қарымды қайраткер	37
Әлеуметтік кодекстің маңызы	39
Мереке – мерекеге жалғасты	41

ПУТЬ УЧЕНОГО – ВЕЛИКИЙ ПУТЬ

Лязиза Шалтаевна Берсугурова, чья жизнь и карьера стали ярким примером преданности науке и педагогическому делу, родилась 13 апреля 1955 года в селе Баганашыль Алма-Атинской области Казахской ССР, ныне это микрорайон города Алматы. Ее путь в мир знаний начался еще в школьные годы, когда, окончив среднюю школу № 76 с отличием в 1972 году, она поступила на юридический факультет Казахского государственного университета имени С. М. Кирова (сейчас КазҒУ имени аль-Фараби). Это было время жесткой конкуренции - 10 человек на место, но Лязиза Шалтаевна преодолела все трудности и стала студенткой одного из лучших вузов страны.



В 1977 году после окончания факультета с отличием Лязиза Шалтаевна получила квалификацию юриста и начала свою карьеру. В период учебы в университете Лязиза Шалтаевна ежегодно удостоивалась стипендии имени В.И. Ленина.

Путь Лязизы Шалтаевны по карьерной лестнице был наполнен новыми вызовами и достижениями. В университете она работала ассистентом и старшим преподавателем кафедры уголовного процесса. Ее научный интерес всегда был направлен на



углубленное изучение уголовно-процессуального права, и она быстро зарекомендовала себя как талантливый преподаватель и исследователь.

С каждым годом Лязиза Шалтаевна становилась всё более заметной фигурой в юридическом сообществе. С 1994 года возглавила кафедру процессуального права в КазГЮИ (позднее КазГЮУ), а с 1997 года работала заведующей кафедрой уголовного

права и уголовного процесса в Высшей школе права «Әділет», в 2007 году исполняла обязанности заведующей кафедрой судебной власти и уголовного процесса в КазНУ им. аль-Фараби. Ее преподавательская деятельность не ограничивалась только университетами - она активно участвовала в подготовке судей и других правозащитников, проводя лекции для судей РК, сотрудников Таможенного комитета и других

Поздравление

Дорогая Лязиза Шалтаевна!

Я Вас искренне уважаю за ваши безупречные человеческие качества, 100% владение своим предметом. За многие годы профессиональной педагогической деятельности Вы снискали любовь многих поколений студентов, в силу чего с радостью узнаваемы во всех государственных и общественных структурах юридического профиля. По Вашим научным разработкам познают сложные вопросы обеспечения прав и свобод граждан в области уголовного судопроизводства опытные профессионалы-практики. Ваше имя постоянно находилось в списках научных консультантов Генеральной прокуратуры, Верховного Суда, Министерства юстиции. При Вашем общепризнанном и непререкаемом авторитете в общественной сфере в повседневности Вы всегда остаетесь милой, приветливой и обаятельной женщиной.

Я желаю Вам, дорогая Лязиза Шалтаевна, огромного человеческого счастья, крепкого здоровья и благополучия на радость Вашим близким.

**Судья Верховного Суда РК в отставке
Башаримова Людмила Илларионовна**

Поздравление

Уважаемая Лязиза Шалтаевна!

Позвольте поздравить Вас с юбилеем и выразить глубокую благодарность за Ваши выдающиеся достижения в сфере юридической науки. Ваши многолетние усилия стали основой для значительных изменений в области уголовно-процессуального права и вклад, внесенный в эту сферу невозможно измерить или выразить словами, его значимость огромна.

Ваши научные работы не только служат основой теоретических исследований, но и играют ключевую роль в практическом применении уголовного процесса в нашей стране.

Как ученый Вы вдохновляете своим стремлением к истине и совершенствованию правовых механизмов. Ваши открытия и идеи в области уголовного процесса стали важным ориентиром для специалистов в этой области. Но, помимо этого, Вы - замечательный на-

ставник, чьи знания и опыт ценят многие поколения студентов. Ваш вклад в педагогическую деятельность столь же велик. Вы с особым вниманием и ответственностью воспитываете новое поколение юристов, передавая им не только знания, но и научный подход к правовым вопросам. Ваша способность замечать индивидуальные особенности каждого студента и направлять его на путь профессионального роста – важная составляющая Вашей работы.

Желаем Вам здоровья, вдохновения и новых успехов в научной и педагогической деятельности. Пусть Ваши труды продолжают приносить плодотворные результаты, а впереди Вас ждут только новые возможности и достижения. Долголетия, счастья, благополучия и процветания Вам и Вашим близким!

**Доктор юридических наук, профессор
Джансараева Рима Еренатовна**

государственных органов, была членом экспертной группы Алматинского представительства ОБСЕ по подготовке изменений в УПК РК по вопросам передачи санкционирования ареста судам.

Особое внимание Лязиза Шалтаевна уделяла вопросам реформирования уголовно-процессуального законодательства. В 2009 году она была назначена советником председателя Верховного Суда РК, а ее научные работы и консультации по реформам в области права играли важную роль в улучшении судебной системы Казахстана.

В 1989 году Лязиза Шалтаевна защитила кандидатскую диссертацию на тему: «Проблемы возобновления дел по вновь открывшимся обстоятельствам в советском уголовном процессе (по материалам Казахской ССР)».

В 2007 году успешно защитила докторскую диссертацию на тему: «Организа-

ционно-правовые формы пересмотра вступивших в законную силу судебных решений по уголовным делам», что подтвердило ее высокий уровень в научной сфере. Она стала доктором юридических наук, а её исследования по вопросам уголовного процесса неизменно привлекали внимание специалистов и практиков.

В течение своей долгой карьеры Лязиза Шалтаевна была членом различных научных и экспертных советов, в том числе ЭС МОН по юридическим дисциплинам и НКС при Верховном Суде РК. Она активно работала как официальным оппонентом при защите диссертаций, так и научным руководителем, под ее руководством были защищены кандидатские диссертации, многие из которых стали значительным вкладом в развитие юридической науки.

Неоднократно отмеченная наградами за свою научную и педагогическую дея-

тельность, Лязиза Шалтаевна была удостоена почетных грамот и медалей, среди которых: Почетная грамота Республики Казахстан (2002), Юбилейная медаль «10 лет Конституции Республики Казахстан» (2005), Нагрудный знак «За заслуги в раз-

витии науки Республики Казахстан» (2010), а также Юбилейная медаль «80 лет КазНУ им. аль-Фараби» (2015).

Автор более 150 научных публикаций, включая учебники и методические пособия, она сыграла ключевую роль в форми-



Поздравление

Уважаемая Лязиза Шалтаевна!

Поздравляю Вас с юбилеем. Желаю Вам долгих лет жизни, крепкого здоровья, успехов в работе. Вы преподаватель с большой буквы, специалист в своей отрасли, превосходно владеете дисциплиной, умеете увлечь в мир знаний, вкладываете в каждого студента свой многолетний опыт.

В Ваш день рождения хочу отметить вашу доброту, отзывчивость, преданность профессии. Желаю Вам самого светлого в жизни: оставаться всегда здоровой, жизнерадостной, успешной, целеустремленной.

Пусть Ваши воспитанники, разлетаясь из стен вуза, всегда вспоминают Вас с глубоким почтением и благодарностью за Вашу работу.

Желаю побольше позитива и ярких моментов в жизни, надежных друзей рядом и любящих близких.

**Доктор юридических наук, профессор
Тыныбеков Сериккали Тыныбекович**

Поздравление

Уважаемая Лязиза Шалтаевна!

Поздравляю Вас с юбилеем! Позвольте выразить глубокую благодарность за Ваш бесценный вклад в развитие юридической науки и образования в Казахстане. Ваше многолетнее служение науке и преподавательской деятельности является настоящим примером для нас, Ваших учеников и коллег.

Вы не только высококвалифицированный ученый, но и замечательный педагог, для которого важнейшей задачей является подготовка специалистов, готовых отвечать современным вызовам и успешно решать сложные профессиональные задачи в области права. Ваши советы, наставления и внимание к каждому студенту, магистранту, докторанту, а также каждому научному проекту оставляют глубокий след в душах тех, кто имел честь работать с Вами. Ваши бесценные знания и уникальный взгляд на науку остаются для меня важным ориентиром и источником вдохновения.

Желаю Вам крепкого здоровья, долгих лет благополучия и продолжения успешной работы на благо науки и образования. Пусть впереди Вас ждут только новые вершины и яркие достижения!

**С наилучшими пожеланиями
Алимкулов Ербол Темирханович,
кандидат юридических наук,
ассоциированный профессор
КазНУ им. аль-Фараби**

ровании правовой культуры Казахстана. Ее работы служат ориентиром для будущих поколений юристов, а педагогический труд - важным вкладом в образование высококвалифицированных специалистов.

Лязиза Шалтаевна всегда считала своей главной целью не только передачу знаний, но и вдохновение студентов на поиск истины, развитие критического мышления и стремление к справедливости. Ее педагогический стиль был основан на личном примере, глубоком уважении к каждому студенту и на призыве к честности и ответственности в профессиональной деятельности.

Сегодня, оглядываясь на свой путь, Лязиза Шалтаевна с благодарностью воспринимает каждый день своей работы как возможность передать частицу себя будущим поколениям. Ее вклад в правовую науку и образование - это не просто достижения,

это след, который она оставила в сердцах и умах тех, кто был ей дорог. И несмотря на все достижения она остается верной своей миссии: быть наставником, ученым и гражданином своей страны.

С теплотой и уважением коллеги отмечают не только ее профессионализм, но и искренность, доброту и заботу, с которыми Лязиза Шалтаевна подходила к каждому делу. В этот юбилейный день все, кто был рядом с ней в разные годы, поздравляют ее с праздником, желая здоровья, счастья и новых научных успехов.

**С уважением и наилучшими пожеланиями
коллектив кафедры уголовного
права, уголовного процесса
и криминалистики
юридического факультета
Казахского национального
университета имени аль-Фараби**

Поздравление

Дорогая Лязиза Шалтаевна!

Позвольте сердечно поздравить Вас с юбилеем!

Вы выдающийся ученый, педагог, доктор юридических наук и профессор в области уголовно-процессуального права. Ваш многолетний труд и вклад в развитие юридической науки неизмеримы. Вы являетесь примером высокого профессионализма и преданности своему делу. Ваша научная и преподавательская деятельность сыграли ключевую роль в подготовке квалифицированных юристов, а ваш вклад в развитие уголовного процесса в Казахстане трудно переоценить.

Ваши исследования, глубокие знания и широкий опыт вдохновляют не только коллег, но и студентов, которым Вы передаете свои знания, обучая и наставляя на пути профессионального роста. Мы гордимся тем, что Вы являетесь частью нашего коллектива. От всей души благодарим Вас за неизменное стремление к совершенству, за преданность науке и за все те ценные знания и жизненные принципы, которые Вы передаете будущим поколениям юристов. Ваше влияние и наставничество играют важнейшую роль в нашем профессиональном росте, и мы ценим все усилия, которые Вы вкладываете в развитие наших знаний и навыков.

Ваша жизнь и деятельность – это пример истинной преданности науке, целеустремленности и безупречной этики, чьи исследования и разработки в области уго-

ловно-процессуального права не только формируют теоретическую базу, но и оказывают огромное влияние на практику. Ваши труды являются важным ориентиром для многих поколений студентов и ученых. Ваша роль в подготовке квалифицированных юристов, специалистов и практиков – бесценна. Мы все, кто учился и продолжает учиться у Вас, гордимся тем, что имеем возможность быть частью Вашей академической среды.

Ваша мудрость, профессионализм и бесконечная преданность науке служат для меня источником вдохновения и мотивации на протяжении всей научной работы.

Ваши советы, поддержка и глубокие знания сыграли ключевую роль в моем профессиональном росте. Благодаря Вашему вниманию и настойчивости я смогла раскрыть свой потенциал и достичь тех высот, которые в настоящий момент считаю важным этапом в своей научной карьере.

Благодарю Вас за неоценимую помощь, за терпение, поддержку и за каждый урок, который Вы мне преподавали. Искренне желаю Вам здоровья, долгих лет работы и новых профессиональных успехов. Пусть впереди Вас ждут только яркие перспективы, а каждый новый день приносит только радость и удовлетворение от сделанных дел.

**С уважением и благодарностью
кандидат юридических наук,
ассоциированный профессор
КазНУ им.Аль-Фараби
Шарипова Асель Бостановна**

Поздравление

Дорогая Лязиза Шалтаевна!

Поздравляем Вас с юбилеем! Желаем мудрости, терпения, уверенности, спокойствия души и вдохновения сердца. Желаем, чтобы к Вам приходили целеустремленные абитуриенты, а от Вас уходили перспективные профессионалы, которым оставалось набраться только опыта. Желаем, чтобы в Ваши руки всегда попадал счастливый билет, открывающий двери к победам, успехам и свершению заветных мечтаний.

Доброго Вам здоровья и долгих лет жизни!

Помним, любим, уважаем...

**Выпускники Академии юриспруденции
Высшая Школа права «Әділет» (Д-98)**

Мақсат ХАЛЫҚ, қаржыгер-экономист:

«ШЫҒЫНДАРДЫ ЖАЗЫП ОТЫРУДЫ ДАҒДЫҒА АЙНАЛДЫРУ ҚАЖЕТ»

Қазіргі қоғамда «қарыз, несие» деген ұғымдардың өмірімізге етене еніп кеткені анық. Бір басына бірнеше несиені іліп алып, банкке берешек болып, оны уақытылы төлеп жүргенінің өзіне қуанатын жандар бар. Ал қарызды алып, қайтара алмай жүргендер қаншама?! Цифрлық технологиялардың күнделікті өмірімізге жаппай енуі түрлі алаяқтардың көбеюіне әкеп соқтыруда. Сондықтан қазір қаржы және экономика негіздерін білу, қарапайым цифрлық дағдыларды меңгеру аса маңызды болып тұр. Осы орайда еліміздегі танымал қаржыгер-экономист, тәуелсіз сарапшы, Sana business академиясының директоры, Sana Foundation қорының құрылтайшысы Мақсат Халықпен сұхбат барысында азаматтардың қаржылық сауатын арттыру тәжіригінде әңгіме өрбіттік.



– Мақсат мырза, «қаржылық сауаттылық» деген сөздер қазіргі кезде трендке айналған. Оны әркім әрқалай түсінеді. Ал шын мәнінде қаржылай сауаттылық дегеніміз не? Оның қандай критерийлері бар?

– Қаржылық сауаттылық деген бүгінгі таңда өте өзекті тақырыптардың біріне айналды. Бұл туралы негізінен ақшаны үнемдеуге, тиімді жұмсауға қатысты айтылып жатады. Өйткені, экономика деген сөздің өзі «эконом», яғни, үнемдеу деген сөзден шыққан. Бірақ, мұның мағынасын тек үнемдеу деп қарасак, онда бұл ұғымның аясы тар болып қалады. Сондықтан да қаржы сауаттылығы – қаражатты уақытында дұрыс, тиімді және парасатты басқару деп айтар едім. Өйткені, қаржылық сауаттылық дегеніміз – уақыты келгенде үнемдей алу және өз уақытында, тіпті, жомарттық та

таныта білу, ақшаны орнымен жұмсау. Сондықтан да тек қана біржақты үнемдеу деп қарасақ, қателесеміз. Бұл ақша қаражаттарын орнымен, тиімді жұмсау, шығындарын дұрыс басқара алу дегенді білдіреді. Сондай-ақ, қаржылық сауаттылық деген тек қаржыны тиімді жұмсаумен ғана шектелмейді, сонымен қатар оны қазына, қор ретінде жинақтай алу, ұлғайта білу, тіпті, әрі қарай инвестициялар жасау арқылы қосымша табыс табу көздеріне, пассивті табыс табу көздеріне жету дегенді де білдіреді.

Сондықтан да бұл ұғымның кең мағынада қолданылатындығын атап өткім келеді. Біз тұрмыс-тіршілігімізде экономика деген сөзді көп пайдаланамыз. Бұл сөз банк секторы, қаржы саласы, мемлекеттік бюджет, экспорт, импорт деген сияқты терминдермен айтылғанда, күрделі дүниені сипаттау болып көрінеді. Бірақ егер бұл сөздің шығу тәркініне қарасақ, «эко» – үй, «номос» – шаруашылық дегенді, яғни, жай ғана үй шаруашылығы дегенді білдіреді. Сонда экономика деген ұғымды біз аса қиындатпай, кәдімгі тұрмыс-тіршілігіміз, өмір сүру қалпымыз және соны ақша қаражаттарының негізінде дұрыс басқару деп қарапайым тілмен жеткізгеніміз дұрыс деп ойлаймын. Сол кезде біздің қоғамымызда осы қаржы сауаттылығына деген дұрыс көзқарас қалыптасады және әрбір азамат өзінің тұрмыс-тіршілігінде қаржы сауаттылығына байланысты белгілі бір дәрежеде білім жинақтап, әрбір отбасының қаржы жағдайының тұрақты болуына өзінің үлесін қосады. Өйткені қазіргі уақытта Қазақстанда көп кездесетін отбасындағы келіспеушілік, ұрыс-керіс, ажырасу дегендер осындай қаржылық тұрақсыздықтан орын алып жататындығы жасырын емес. Бұл – ең алдымен, үй шаруашылығындағы отбасы экономикасы, отбасы бюджетін ұйымдастыра білу. Былайша айтқанда, ертең мықты мемлекет боламыз десек, Отан отбасынан басталатынын ұмытпауымыз керек, сондықтан, мемлекеттің қуаттылығы әр отбасының қаржы тұрақтылығына тығыз байланысты болады. Қаржы сауаттылығы

деген ұғымның қоғамда таптырмас орны бар екенін әрбір азамат білуі қажет. Бұл – әрбір отбасының қаржылай сауатты болуының айқын көрінісі.

– Қаржылай сауатты адам деп кімді атауға болады? Ондай болу үшін не істеу керек?

– Жоғарыдағы айтылған ойды түйіндейтін болсақ, біз қаржылай сауатты адам деп ең әуелгі кезекте ақша қаражаттарын тиімді басқара алатын, ақшамен дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыра алған азаматты айтамыз. Сонымен қатар, ақша қаражаттарын жинақтап, оның сақталуын қамтамасыз етіп қана қоймай, одан әрі қорлануын, ұлғаюын басқара алатын азаматты айтуға болады. Бұл қарапайым ғана ақша деген не екенін, оның қандай көмегі бар екенін танып-білуден тұрады. Және өміріміздегі несие қаражаттары да өте өзекті болып табылады. Көп жағдайларда бөліп төлеу деген әдісті қолданып жатамыз. Тиімді шарттармен несие алу жолдарын білетін, депозитте ақша жинап, оны сақтап қана қоймай, инфляция деңгейінен жоғары деңгейде табыс табу, одан әрі инвестициялап, пассивті табыс табуға қол жеткізуді бойына жинаған адамды біз қаржылай сауатты адам деп айта аламыз.

– Ақшаны тиімді жұмсау үшін қандай күнделікті әдеттер мен дағдыларды қалыптастыру маңызды?

– Әдеттер мен дағдыларды қалыптастыруға тоқталсақ, бұл ретте күнделікті өзіңіздің табыстарыңызды айқындаудың маңызы зор. Отбасылардың басым көпшілігінде табыс көзі негізінен еңбекақыдан құралады, оған қосымша бонустар, егер жоба жасаған болсаңыз, одан түсетін табыстар, қазақи ұғымдарға қатысты алатын болсақ, бұл көрімдік, байғазы, туған күн, той-томалақтан түсетін табыстар болуы мүмкін. Аталған табыстардың барлығын өзіңіз үшін белгілеп, айқындап отыру өте маңызды. Бұл отбасыңызға келетін табыс көздерін ұлғайту үшін, қосымша табыс көздерін белгілеу үшін өте маңызды. Егер елде инфляция болып жатса, еңбекақыңыздың сол күйінде қалып қоймай, оның деңгейін

өсіру, тіпті жұмыс берушінің алдына талап қоя білу, сол арқылы еңбекақы мөлшерін ұлғайта білу негіздерін де білдіреді.

Одан бөлек шығындар категориясы бар. Ол да әр отбасында әртүрлі шамада. Бұл жерде қалыптастыратын негізгі дағды – күнделікті қандай шығындар жасайсыз, соны үнемі жазып отыру. Қазіргі таңда төлемдердің басым көпшілігі Каспи қосымшасы арқылы жүргізілгендіктен, төлем тарихын қарап, бір айда қай жерде қанша шығын жасадыңыз, соны айқындап, өзіңіз үшін жазып отырған жөн. Екі ай қатарынан осыны жасасаңыз, сіз өзіңіз үшін әдемі дағды қалыптастырасыз. Яғни, қаражатыңыздың қайда және не үшін жұмсалып жатқанын нақты көріп отыратын боласыз. Ол жерде жұмсалған артық қаражат, орынсыз шығындар болған болса, оның бәрін белгілеп, келесі жолы ондай шығындар жасамауға әрекет жасайсыз. Бұл белгілі бір дәрежеде шығындарыңызды оптимизациялау, реттеу дегенді білдіреді. Сондықтан да қаржылай сауатты азаматтың бойында болуы тиіс дағды – үнемі шығындарды азайтып, табысты ұлғайтуға әрекет жасау. Егер осыған басымдық беретін болсаңыз, онда, әрине, сіз өте дұрыс дағды қалыптастырасыз және белгілі бір уақыт өткенде, қаржылай тұрақтылыққа қол жеткізесіз.

– Қаржылай сауатты адамдарда қарыз болмай ма? Әлде олар қарыздан құтылудың оңтайлы жолын біле ме? Осы туралы толығырақ айттың өтсеңіз.

– Қарыз тақырыбына арнайы тоқталу керек деп есептеймін. Жалпы, қарызды алу мен берудің өзінің мәдениеті бар. Сондықтан қаржылай сауатты азаматтарда қарыз болмайды деген түсінік жоқ. Оларда да қарыз болады, олар да несие алады. Бірақ несие алудың тиімді жолдарын біледі. Несие алуға мәжбүр болған жағдайда, оның қандай пайыздары бар екенін, жай ғана атаулы пайыздық мөлшерлеме мен жылдық пайыздық мөлшерлеменің аражігін ажырата алады. Несие рәсімдеп жатқан кезде, сол жылдық пайыздық мөлшерлемеге мән беріп, қандай жасырын комиссиялардың

бар екенін нақты сұрайды және келісім-шартқа қол қоймас бұрын осының бәрін анықтайды, көреді. Барған банк несие беруді мақұлдаған жағдайда, әрбір парағына қол қоюға асықпайды. Өзге де банктерге барып, олардың шарттарын салыстырып қарап, ішіндегі ең тиімді нұсқасын таңдайды. Мұның өзі – белгілі бәр дәрежеде қаржылай сауатты азаматтың атқаратын іс-әрекеті. Сондай-ақ, ол несие жабудың да тиімді жолдарын біледі. Мысалы, ануитетті деп аталатын әдіс бар. Айталық, 1 млн теңге қарыз алдыңыз. Оны ануитетті жолмен ай сайын 50 мың теңгеден төлеп тұрдыңыз делік. Алайда қаржылай сауатты адам бұл жолды таңдамайды. Ол дифференциалды әдісті, яғни, тең бөліп төлеуді құп көреді. Ол жерде бастапқы төлем 65 мың теңгеден басталуы мүмкін, бірақ ай сайын оның мөлшері шамамен 1 мың теңгеге азайып отырады. Бірақ ол бір көргенде тиімсіз болып көрінгенмен, соңында 150-200 мың үнемдейсіз. Одан бөлек, ануитетті әдісті таңдаған болсаңыз, бір жылға дейін негізгі қарызды емес, оның үстіндегі пайыздық өсімақысын жауып отырасыз. Ал бір жылдан кейін сізде 1 млн теңге ақша пайда болып, сол несиеді жауып тастайыншы деп банкке барған кезде, сізде әлі де 1 млн теңгеге жуық несие тұрады. Бұл жерде «Сонда бір жыл бойы не төлеп келгенмін?» деген сауал туындауы сөзсіз. Сол кезде банк қызметкері сізге бір жыл бойы несиенің үстіндегі пайызды төлеп келгеніңізді айтады. Ал дифференциалды әдісті, яғни тең бөліп төлеуді таңдасаңыз, аты айтып тұрғандай, ай сайынғы 60 мың теңге көлеміндегі төлемнің 30 мың теңгесі негізгі қарызды жабуға, қалған 30 мыңы үстіндегі пайыздық өсімақыны төлеуге жұмсалады. Сонда бір жылда негізгі қарызыңыздан 700 мың теңгедей қалады, тиісінше үстіндегі пайыздық өсімақы да төленеді.

– Қарыз алу мәдениетін қалай түсіндірер едіңіз?

– Экономикада мынадай ұғым бар: «Кешегі ақша бүгінгі ақша емес, бүгінгі ақша ертеңгі ақша емес, ол құнсызданған ақша болады». Яғни, уақыт кеңістігінде ақша

құнсызданады. Инфляция бар, тауарлардың бағасы өседі, осы және басқа да факторлар сіздің қолыңыздағы қаражаттың азаюына, яғни ақшаның құнсыздануына себепкер болады. Сондықтан да ол ақша бір жерде жатпауы тиіс. Үйіңізде ақша болса, оны жайдан жай сейфте, жастықтың астында, кітаптардың арасында сақтауға болмайды. Өйткені, ол күн өткен сайын құнсыздана береді. Сондықтан, ақшаны тиімді сақтаудың жолдарын білген дұрыс. Тіпті, болмаса, ол депозитте сақталуы керек. Мінеки, осындай мәселелер бар. Бұл тұрғыдан келгенде, егер сіз досыңызға 1 млн ақшаны бір жыл мерзімге қарызға берген болсаңыз, оның шартты түрде құнсыздану ережесін де естен шығармау керек.

Досыңыз бір жылдан кейін қарызын қайтарып бергенмен, ол 1 млн теңгенің құны болмайды. Осы уақыт аралығында елде 10 пайыз инфляция болса, демек, бұл қаржы 10 пайызға құнсызданды деген сөз. Яғни бір жылдан кейін бұл қаржыға сатып алатын тауарлардың немесе қызметтердің ортайып қалғанын байқайсыз. Себебі олардың бағасы қымбаттап кеткен. Бір жыл бұрын бұл сомаға әлдеқайда көбірек тауарлар мен қызметтер сатып алған болар едіңіз. Бұл досыңызға қарызды өсімпұлмен беріңіз деген сөз емес, дегенмен де қарыз алып жатқан азамат бұл ережені есінен шығармауы тиіс. Егер осы соманы банктен несиеге алған болса, жылына 50 пайызға жуық өсімақы есептеледі, яғни 1 млн теңгенің үстінен 500 мың теңге қосып береді. Егер үш жылға алған болса, әр жыл сайын 500 мың теңгеден есептеліп, банктен алған 1 млн теңгені 2,5 млн теңге етіп қайтарды. Ал досыңыздың олай қайтармайтыны анық. Өйткені, сіз оған пайызсыз, қарызға беріп тұрсыз. Бірақ, оны іштей өзі білуі тиіс. Сондықтан қарызыңызды қайтарған кезде, досыңыздың тарапынан 500 мың теңгеге болмаса да, 100 мың теңгенің көлемінде сый-құрмет жасаған артық болмайды. Қарыз алу мәдениеті деген осы.

Қарызды берген кезде де, алған кезде де ақшаның уақыттық құнын ескеру қажет. Тағы бір маңызды жағдай – қарыздың да

шегі бар. Әркім өзінің шамасына, табысына қарай, қайтара алатындай мөлшерде алу керек. Кейбір азаматтар үсті-үстіне қарыз алып үйреніп қалады да, кейін оны қайтара алмайтын жағдайға жетеді. Ол несиеге де қатысты. Қазіргі таңда бөліп төлеу (рассрочка) деген бар. Осы мүмкіндікті пайдаланып, тауарларды толтырып алып, бір басына 6-7 бөліп төлеу несиесін іліп алып жүргендер жетерлік. Алайда, несиесінің көлемі айлық табысынан асып кетіп, оны төлей алмай, мойнына қамыт іліп алғандарды да көріп жүрміз. Сондықтан экономикада өзінің реттілігі бар, әлемдік тәжірибеде несиенің көлемі отбасылық табыстың 20 пайызынан аспайды.

Қазақстан жағдайында бұл көрсеткіш тым құрығанда 30 пайыздан аспауы тиіс. Бірақ, бөліп төлеу несиесінің кең тарағаны соншалық, несиенің көлемі отбасылық табыстың 50 пайызынан асып кетеді. Шартты түрде санмен өрнектесек, ай сайын алатын 200 мың теңге жалақының 100 мыңы несиені жабуға кетеді деген сөз. Ал ол күнделікті азық-түлік, баланың қажеттіліктері, коммуналдық төлем, т.б. шығындарына жетпейді. Несиені жабу үшін тағы несиені алып, қарызға белшесінен бата береді. Қазіргі таңда қоғамымызда мұндай жағдайлар көп кездеседі. Сондықтан, әркім көрпесіне қарай көсілгені дұрыс. Мұндайды қазақ «Қарыз күліп барып, жылап қайтады» деп бір ауыз сөзбен түйіндеген.

Қаржы дағдарыстары кезінде істеп жүрген жұмысынан қысқарып не айырылып қалуы да мүмкін. Мұндай жағдайда банкке барып, несиені төлей алмау себебін түсіндіріп, өтініш жазып, белгілі бір уақытқа каникул сұрау – салымшының құқығы. Мұндай құқығының бар екенін білу және оны орнымен қолдану да – қаржылық сауаттылықтың белгісі. Кейбіреулер бұл туралы біле бермейді де, несиесін төлей алмай, қашып жүреді, сөйтіп, несиенің тарихын бұзып алады.

– Мазмұнды әңгімеңізге рақмет!

**Сұхбатты жүргізген
Айгүл АХМЕТОВА**

СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ ҚАТАҢ САҚТАЛАДЫ

Қазақстанда мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінеді, олар тежемелік және тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара іс-қимыл принципіне сәйкес жүзеге асырылады. Сот билігі заң шығарушы және атқарушы биліктен жалпыға ортақ жүріс-тұрыс ережесін шығармайтындығымен, сондай-ақ, атқару-басқару қызметімен айналыспайтындығымен ерекшеленеді.



**Амангелді УМАРОВ,
Алмалы аудандық
№2 сотының судьясы**

Сот төрелігінің қағидаттары Конституциямен, сондай-ақ, ҚР Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы заңымен белгіленген. Конституцияға сай, айтар болсақ, күшіне енген сот үкімі шықпайынша адам жасалған қылмысқа кінәлі саналмайды. Яғни, оның кінәсі заңдық күші бар сот үкімімен дәлелденуі тиіс. Сонымен қатар, елімізде бір рет құқық бұзғаны үшін ешкім де қайтадан сол қылмысы үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартылмайды әрі адамның заңмен көзделген соттылығы өзінің келісімінсіз өзгертілмейді. Сотта әрбір азаматтың өз сөзін тыңдату құқығы Ата Заңмен бекітілген. Сот қағидаты бойынша жауапкершілік белгілеп, күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктеп, олардың жағдайын нашарлататын заңдар кері күшке ие емес. Жасалған құқықбұзушылықтағы жауапкершілік заңмен алынып тасталған немесе жеңілдетілген жағдайда жаңа заң нормасы қолданылады.

Айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге, ешкім де өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі

жақын туыстарына қарсы айғақ беруге, діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәлік етуге міндетті емес. Адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады. Заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкімді өзінің жеке мойындауы негізінде соттауға, қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді. Бұл қағидаттарды судьялар заңды қолданғанда басшылыққа алады.

Ал «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» заңмен заңдылық, сот төрелігін тек қана соттың жүзеге асыруы, судьяларды сайлау мен тағайындау, судьялардың тәуелсіздігі, оларға ешкімнің тиіспеуі, сот істерін кәсіби негізде қарау, барлығының заң мен сот алдындағы теңдігі, тараптардың теңдігі мен жарыспалылығы, сот ісінің тілі, жариялылығы, сот арқылы қорғану, кінәсіздік презумпциясы қағидаттары айқындалған. Аталған қағидаттар сот төрелігінің маңызды ерекшеліктерін анықтап көрсетеді. Соттың тәуелсіздігі әрқашан да адам құқығының сақталуына кепілдік етеді. Сот актілерінің заң аясында шығарылып, мүлтіксіз орындалуы барлық мемлекеттің демократиялық негізі саналады. Соған орай сотта Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер қолданылмайды. Судьяның шынайы тәуелсіздігі заң талабын сақтауына, өзі қабылдаған шешімнің дұрыстығы мен әділеттілігіне, сондай-ақ, сенімділігіне негізделеді.

Сот төрелігін соттардың ғана жүзеге асыруы судьяларға шексіз жауапкершілік жүктейді. Олар өз қызметін атқаруда Конституция мен заң талаптарын мүлтіксіз орындауы тиіс. Өйткені, соттың беделі судьялардың жұмысы мен іс-әрекетіне қарап қалыптасады. Сондықтан, олар қызметте және одан тыс уақытта да Сот әдебі кодексінің талаптарын қатаң сақтауға міндетті. Судья іс бойынша іс жүргізудің бары-

сында қандайда болмасын сыртқы ықпалға қарамастан, барлық шешімді Конституция мен заңдарға, зерттелген дәлелдемелерге, ішкі нанымына сүйеніп қабылдайды. Соттар мен трибуналдар алдында жұрттың бәрі тең, әрбір адам өзіне тағылған кез келген қылмыстық айыптауды қарау немесе азаматтық процесте оның құқықтары мен міндеттерін анықтау кезінде заң негізінде құрылған құзыретті, тәуелсіз және әділ сот арқылы істің әділетті және ашық қаралуын талап етуге құқылы. Яғни, сот арқылы қорғалу құқығы адам құқықтары мен бостандықтарына Конституциямен кепілдік ететінінің жарқын көрінісі.

Судьяның қызметі депутаттық мандатпен, ақы төленетін өзге де жұмысты атқарумен немесе кәсіпкерлікпен айналысумен сыйыспайды. Заңды баянды етілген сот төрелігінің принциптері құқықтық қағидалар түрінде қоғамдық қатынастардың бүкіл бітім-болмысын және қажетті тәртібін айқындайды. Сондықтан, қоғамды одан әрі демократияландырып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын іс жүзінде қамтамасыз ету сот билігі мәселелеріне көңіл бөлуді талап етеді. Елімізде соттың мемлекеттік билік тармақтарының бірі мәртебесіне ие болуы беделінің артуына жағдай жасады. Өйткені, сот төрелігінің әділдігі кез келген елдің кемел болмысын көрсетеді.

Халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғамға жол ашу соттардың айрықша міндеті саналатындықтан, азаматтық іс жүргізу құқығының принциптері соттың азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру процесінде шешуші рөл атқарады. Елімізде құқықтық мемлекетке қойылатын талаптарға сай, Конституция талаптарын бұлжытпай орындайтын, азаматтардың құқықтары мен еркіндігін, заңды мүдделерін қорғауда заңмен жүктелген міндеттерін мүлтіксіз іске асыратын ұлттық сот жүйесі қалыптасты деуге толық негіз бар.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ПРЕСЕЧЬ НЕОСНОВАТЕЛЬНОЕ ОБОГАЩЕНИЕ

В силу ст. 953 Гражданского кодекса РК без установленных законодательством или сделкой оснований лицо, которое приобрело или сберегло имущество (неосновательное обогащение) за счет другого лица (потерпевшего), обязано возвратить последнему неосновательно приобретенное или сбереженное имущество.

Для возникновения обязательства по возврату неосновательного обогащения необходимо, чтобы обогащение одного лица за счет другого произошло при отсутствии к тому законных оснований или последующем их отпадении. При этом не имеет значения, явилось ли неосновательное обогащение результатом поведения обогатившегося, самого потерпевшего, третьих лиц или произошло помимо их воли, то есть наличие неосновательного обогащения (сбережения) имущества без должного правового основания. Иначе приобретение или сбережение имущества одним лицом явилось результатом соответствующего уменьшения имущества другого лица.

Особенность предмета доказывания по делам о взыскании неосновательного обогащения и распределение бремени доказывания предполагает, что на истце лежит обязанность доказать, что на стороне ответчика имеется неосновательное обогащение (неосновательно получено либо сбережено имущество); обогащение произошло за счет истца; размер неосновательного обогащения; невозможность возврата неосновательно полученного или сбереженного. В свою очередь, ответчик должен доказать отсутствие на его стороне неосновательного обогащения за счет истца либо наличие обстоятельств, исключающих взыскание неосновательного обогащения.

В силу п.п. 4 п. 1 ст. 960 ГК не подлежат возврату в качестве неосновательного обогащения денежные суммы и иное имущество, предоставленное во исполнение несуществующего обязательства, если приобретатель докажет, что лицо, требующее возврата имущества, знало об отсутствии обязательства либо предоставило имущество в целях благотворительности.

Ранее понятие неосновательного обога-



Каирбек АБДЫХАЛИКОВ,
председатель суда № 3
города Актобе

щения применялось в юридической практике редко, были основания предъявления только лишь, когда ошибочно по банковскому переводу переводились деньги на счета других лиц.

Однако на сегодняшний день наблюдается рост таких исков в гражданском судопроизводстве, а именно о взыскании сумм с дропперов. В целом по всей республике, по сравнению с 2022 годом, рост таких гражданских дел составил свыше 270 процентов. В суд № 3 г. Актобе за 2023 год поступило исков данной категории 11 и окончено 11, за десять месяцев 2024 года поступило 126 и окончено сто дел.

Согласно судебной практике, если в суде доказан факт поступления денег на счета так называемых дропперов, не подтверждающих основание для их получения, то они обязаны вернуть полученное неосновательное обогащение.

САЛЫҚ САЯСАТЫН САРАЛАУ МАҢЫЗДЫ

Соңғы жылдары елімізде салық жүйесінде қандай жаңашылдықтар жүргізілді және бұл ел экономикасына қалай әсер етті? Осы жайлы сарапшылар мен экономистер пікірлеріне шолу жасап көрдік.



Қазақстандағы салық реформалары қоғамда үлкен пікірталас тудырды. Экономистер мен сарапшылар жаңа салық жүйесінің тиімділігі мен ықтимал тәуекелдерін талқылап, ұлттық экономикаға әсерін әртүрлі болжап жүр. Қолданыстағы салық жүйесі Қазақстан экономикасының дамуында маңызды рөл атқарғанымен, қазіргі талаптарға сай келмеуі мүмкін. Мәселен, экономика ғылымдарының докторы, профессор Ерлан Смағұловтың айтуынша, салық саясатының бастапқы кезеңдері елдегі нарықтық экономиканың қалыптасуына ықпал етті. Алайда, бұл қазіргі жаңа сын-тегеуріндерге жауап бере алуы қажет. Өйткені, жаһандану, цифрлық экономиканың дамуы және экономиканы әртарап-

тандыру қажеттілігі жаңа реформаларды талап етеді. KPMG халықаралық аудиторлық компаниясының Қазақстан және Орталық Азиядағы серіктесі Сауле Айтпаева да осы пікірмен келіседі. Оның сөзінше, салық жүйесі тек мемлекеттік бюджетті толтырып қана қоймай, экономиканың түрлі секторларына инвестиция тартуды ынталандыруы қажет. Сонымен қатар, шағын және орта бизнестің дамуына қолайлы жағдай жасау маңызды.

Мамандардың пайымынша, биылғы салықтық өзгерістер корпоративтік табыс салығын саралау мәселесін қамтуы мүмкін. Кейбір компаниялар үшін КТС мөлшерлемелері олардың қызмет саласына және бизнестің көлеміне байланысты өзгеруі

ықтимал. Сондай-ақ, ғылыми-зерттеу және экологиялық жобаларға инвестиция салатын кәсіпорындар үшін арнайы салықтық жеңілдіктер қарастыру ұсынылмақ. Қосылған құн салығын қайтару механизмін жетілдіру мәселесі де күн тәртібінде тұр. Baker McKenzie заңгері Әсет Жанасов экспорттаушылар үшін ҚҚС қайтару процедурасын жеңілдету маңызды екенін айтуда. Сонымен қатар, жеңілдетілген ҚҚС мөлшерлемесі қолданылатын тауарлар мен қызметтер тізімі қайта қаралуы және табысы жоғары азаматтар үшін прогрессивті салық жүйесі енгізілуі ықтимал.

Тәуелсіз экономикалық сарапшы Петр Иванов бұл туралы: «ЖТС-тың прогрессивті шкаласын енгізу арқылы әлеуметтік әділеттілік орнатуға болады. Бұдан басқа, халықтың әлсіз топтарына арналған салықтық шегерімдер мен жеңілдіктер қарастырылуы қажет» дегенді алға тартуда. Ал Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төрағасы Райымбек Баталов «Шағын және орта бизнеске арналған салықтық әкімшілендіру жүйесі жеңілдетілуі керек» деген пікірде. Бастапқы кезеңде шағын кәсіпорындарға салық жүктемесін азайтып, оларды заңды түрде жұмыс істеуге ынталандыру қажет. Бұл орайда арнайы салықтық режимдерді кеңейту тиімді шешім болар еді.

Цифрлық технологиялар жөніндегі сарапшы Динара Тәліпова елдегі халықаралық цифрлық компаниялардың қызметтеріне салық салу мәселесі маңыздылығын жеткізген. Егер бұл дұрыс реттелсе, жергілікті және шетелдік компаниялар үшін тең жағдай жасалып, бюджетке қосымша кіріс түседі. Осы орайда біз заңгер Айгерім Ақниеттің де жаңа салық саясатына қатысты ой-пікірін білдік. Оның айтуынша, салық реформаларының негізгі бағыттары болған. Бұл жаңашылдықтар кәсіпкерлерге, қарапайым салық төлеушілерге және тұтастай алғанда ұлттық экономикаға тікелей әсер етеді. Үкіметтің негізгі мақсаты – бюджет тапшылығын жабу, салықтық әкімшілендіруді жетілдіру және көлеңкелі экономиканың үлесін азайту. Алайда кейбір сарапшылар бұл реформалардың бизнеске қосымша

жүктеме түсіретінін және белгілі бір тәуекелдер тудыратынын алға тартады.

Заңгердің сөзінше, 2024 жылғы Салық кодексіне енгізілген өзгерістер салықтық әкімшілендіруді автоматтандыруға, кірістерді ашық жария етуге және салық түсімдерін ұлғайтуға бағытталған. Кәсіпкерлер бұл реформалардың салдарын сезіне бастады. Прогрессивті салық жүйесі мен қосылған құн салығының (ҚҚС) ұлғаюы бизнеске қосымша қаржылық жүктеме әкеліп отыр. Осылай деген ол «Былырда бастап қосылған құн салығы 12%-дан 16%-ға көтерілді. Бұл өзгеріс құрылыс материалдарының қымбаттауына әкеліп, тұрғын үй бағасының өсуіне ықпал етті. Азық-түлік және тұрмыстық тауарлардың қымбаттауына да себеп болды. IT компаниялар мен стартаптар өз қызметтерінің бағасын қайта қарастыруға мәжбүр болды. Бұл жағдай тұтынушылардың сатып алу қабілетіне тікелей әсер етіп, инфляция деңгейінің көтерілуіне алып келуі мүмкін» деп отыр.

Жеке табыс салығының прогрессивті мөлшерлемесі салық реформалары аясында жеке табыс салығының (ЖТС) мөлшерлемесі 10%-дан 15%-ға дейін көтерілді. Жоғары жалақы алатын азаматтар үшін салық ауыртпалығы айтарлықтай өскен. Сарапшының сөзіне сенсек, бұл өзгеріс табысы жоғары азаматтарға бағытталғанымен, орта деңгейдегі жалақы алатын қызметкерлер мен кәсіпкерлерге де қосымша салмақ түсіреді. Себеб, жоғары салық жүктемесі жалақыны заңды түрде төлеу үрдісін төмендетуі мүмкін.

«Жеңілдетілген салық режимін алып тастау мәселесі де кәсіпкерлерді алаңдатып отыр. Өйткені, қазірдің өзінде елде екі миллионға жуық кәсіпкер осы режимді қолданып келеді. Оның орнына айлық табысы шамамен 1,25 миллион теңгеге дейін жететін кәсіпкерлер үшін 15 миллион теңгеге дейінгі шекті белгілеу қарастырылып жатыр. Бұл шағын бизнеске қосымша әкімшілік жүктеме әкеліп, олардың көпшілігінің көлеңкелі экономикаға кетуіне немесе басқа елдерге көшуіне себеп болуы мүмкін. Тағы бір маңызды мәселе – салықтық

әкімшілендірудің күшеюі. Соңғы екі айдың ішінде 80 мың кәсіпкердің жеке шоттарына камералдық бақылау жүргізілген. Егер кәсіпкер камералдық бақылау нәтижелерімен келіспесе немесе толық жауап бермесе, оған толыққанды салықтық тексеріс тағайындалады. Бұл жағдай кәсіпкерлерге қосымша қысым тудыруы мүмкін.

Жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде жеке тұлғалардың жеке карталарындағы қаржы қозғалысын тексеру басталды. Бұл үрдіс 2024 жылдан бастап заңды түрде енгізілуі керек болғанымен, іс жүзінде 2022–2023 жылдарға қатысты тексерулер жүріп жатыр. Бұған қоса, қолма-қол және Kaspi Gold арқылы жасалған төлемдерді бақылау мәселесі де қоғамда үлкен пікірталас тудырып отыр. Жаңа кодекске сәйкес, әрбір азамат кәсіпкерден алынған чекті салық органдарына жіберіп, кәсіпкердің заңдылығын тексеруге ықпал ете алады. Бұл өзгеріс бизнес жүргізудің ашықтығын арттыруды көздегенімен, шынайы өмірде кәсіпкерлерге де, тұтынушыларға да қиындық тудырып отыр. Салық кодексіндегі бұл өзгерістер кәсіпкерлер үшін жаңа қиындықтар тудырып, көлеңкелі экономиканың үлесін арттыруы ықтимал», дейді заңгер.

2026 жылдан бастап бөлшек салық режимін тек белгілі бір салалар ғана қолдана алады. Қазір бөлшек салық режимін 364 қызмет түрі қолданса, алдағы уақытта бұл шектеу 40 салаға ғана таралады. Бұл шағын және орта бизнес субъектілерінің салықтық жеңілдіктерден айырылуына әкелуі мүмкін. Кәсіпкерлер мен фрилансерлерге жаңа талаптар күшейді. Цифрлық экономика дамыған сайын салықтық бақылау да арта бермек. 2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап онлайн сауда платформаларының кәсіпкерлері салықтық есепті толығымен цифрлық форматта тапсыруы тиіс. Шетелдік IT компаниялар (Google, Netflix, Meta) Қазақстанда ҚҚС төлеуге міндеттелді. Бұл өзгерістер бизнес жүргізудің ашықтығын арттырады.

Заңгердің айтуынша, жаңа Салық кодексінде салық органдарына құқық қорғау

функциялары беріледі. Мәселен, бұл кедендік бақылауды күшейтуге және көлеңкелі импортты азайтуға бағытталған. Сонымен қатар, кәсіпкерлерге кассалық аппарат пен төлем терминалдарын орнатуды міндеттейді. «Кассалық аппарат қолданбаған кәсіпкерлер туралы ақпарат берген азаматтарға сыйақы төлеу жүйесі енгізілмек. Салық жүйесі мамандарының өздері салықтық жүктеменің артуы бизнестің заңды түрде жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін екенін жасырмайды. Ал Айгерім Ақниет «Салықтың өсуі мен тексерулердің күшеюі шағын және орта бизнестің көлеңкелі экономикаға кетуіне немесе мүлдем жабылуына алып келуі мүмкін» дейді.

Демек, былтырғы салық реформалары ұлттық экономикаға оң әсерін тигізгенімен, кәсіпкерлер мен халыққа бірқатар қиындықтар әкелді. Үкімет бұл өзгерістерді салық түсімдерін арттыру мен экономикадағы көлеңкелі секторды азайту мақсатында енгізгенімен, бизнес өкілдері салықтық жүктеменің артуына алаңдаулы. Сарапшылардың пікірінше, салықтық саясат бизнестің тұрақты дамуына мүмкіндік беруі керек. Салық кодексіндегі толық іске асырылуы мен оның нақты нәтижелері алдағы жылдары анықталатын болады.

Десе де, биылғы салық реформасы – Қазақстан экономикасы үшін жаңа мүмкіндіктер кезеңі болды. Бірақ, сарапшылар реформалардың ұзақ мерзімді әсерін бағалау үшін ашық диалог пен талқылау қажет екенін айтады. Мемлекет, бизнес және қоғам арасындағы тиімді ынтымақтастық қана бұл реформалардың оң нәтижелерін қамтамасыз ете алмақ. Өйткені, кез келген салықтық өзгеріс мұқият дайындық пен жан-жақты талдауды талап етеді. Еліміз үшін басты міндет – салық саясаты арқылы экономикалық өсуді қамтамасыз ету, инвестициялық климатты жақсарту және халықтың әл-ауқатын арттыру. Тек осындай жан-жақты көзқарас қана елдің тұрақты және инклюзивті дамуына жол ашады.


Жадыра МҮСІЛІМ,
журналист

ЖЕР ЗАҢНАМАСЫН ҚОЛДАНУ

Жерге қатысты даулар барлық уақытта маңызды саналған. Сондықтан, елімізде жер құқығы қатынастары Конституция, Жер кодексі және соған сәйкес қабылданатын Республикамыздың өзге де нормативтік құқықтық актілерімен қарастырылған. Жер учаскесіне меншік құқығын заңды түрде тіркеген меншік иесі аталған кодекстің 25-бабына сәйкес, жеке меншігіндегі жер учаскесіне өз қалауынша билік ете алады. Ескерерлігі, құқық белгілейтін құжаттары ресімделмеген жер учаскелеріне ешқандай да мәміле жасалмайды. Жер оның қойнауы, экология, орман, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнамаларда өзгеше көзделмесе, жер учаскелерін иеленіп, пайдалану, оларға билік етіп, мәмілелер жасасу секілді мүлкіктік қатынастар азаматтық заңдармен реттеледі.

Жер кодексінің 167-бабында көрсетілгендей, жер құқығы қатынастарынан туындайтын даулар ел заңдарында белгіленген тәртіппен қаралады. Жеке меншіктегі жер учаскелеріне байланысты дау-жанжалдар тараптардың келісімімен медиация тәртібінде шешілуі мүмкін. Жер пайдаланушы тұрақты немесе уақытша жер пайдалану құқығына жер учаскесіне мемлекеттік акті алған кезден бастап ие болады. Сондықтан, құқық туралы туындаған даулар сот тәртібімен шешіледі. Мысалы, жер учаскесіне немесе оның бір бөлігіне тең құқық болған жағдайда азаматтық заңнамаға сәйкес жылжымайтын мүліктің алғашқы иесіне басымдық беріледі.

Көршілес учаскелер шекаралары бір-біріне жапсарлас орналасып, соған қатысты дау туса, сотта олардың тарихи қалыптасқан шекарасы негізге алынады. Өйткені, екі жер учаскесі меншік иелерінің арасындағы дау басқа адамдардың құқықтарына нұқсан келтірмеуі, яғни, сот шешімдері өзге жер учаскелері меншік иелерінің арасында жаңа сот дауларының туындауына ықпал етпеуі керек. Сотта даудың жер учаскесі шека-



Майра КАЛИЕВА,
Ақтау қалалық
№2 сотының судьясы

расының бір-біріне жақын орналасуы, яғни, аумағының дұрыс белгіленбеуі немесе сәйкестендіру құжатының тиісінше ресімделмеуі салдарынан туындағаны анықталса, онда мұндай дау Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс негізінде жергілікті атқарушы органның шешіміне дау айту тәртібімен қаралады.

Жер құқығы қатынастарына қатысты талап қоюларға жер учаскелерін беру және оларды алып қою, соған байланысты шығындарды өтеу, меншік құқығы мен жер пайдалануды даулау, әкімдердің жер учаскелерін беру тәртібіне, кепіл шартына шағымдану, меншік құқығын немесе жер пайдалануын куәландыратын мемлекеттік актілерді тіркеуден бас тарту, т.б. кіреді. Жер учаскесі жылжымайтын мүлік болғандықтан, талап арыз ол орналасқан аумақтағы сотқа беріледі. Заңды тұлға дара кәсіпкерлікпен айналысатын жеке және заңды тұлғалардың жер учаскесіне құқық туралы талап қоюын осы аумақтағы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар қарайды.

Жер учаскелерін жеке меншікке пайдалануға беру, оларды алып қою туралы Жер кодексінің 16, 17, 18, 19-баптарының негізінде шешім қабылданса жергілікті атқарушы органның өкілеттігі тексеріледі. Себебі, жер учаскесін беруде әкім өз өкілеттігін асыра пайдалануы мүмкін. Мұндай кезде сот оның шешімін заңда көзделген негіздер бойынша және Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте белгіленген тәртіппен жарамсыз деп тануы мүмкін. Соттың жер учаскесінің орналасқан орнын, шекарасын анықтап, сол аумаққа кіретін жерлерді куәландыратын құқықтық құжаттарды тексеруінің мәні осында.

Тараптардың өзара қатынастары, даудың туындау себебі анықталу үшін, жер учаскесіне құқық белгілейтін, сондай-ақ, сәйкестендіру сынды барлық қажетті құжаттар толықтай берілгені жөн. Жер кодексінің 166-бабына сәйкес, меншік иесі немесе жер пайдаланушы қандайда бір шығынға ұшыраса, оны шығын келтіруші өтейді. Мемлекеттік атқарушы органдардың заңсыз шығарған актісі, лауазымды адамдардың іс-әрекеті мен әрекетсіздігі салдарынан келтірілген шығынды тиісті әкімшілік-аумақ өтейді. Өтемақы мөлшерін айқындауда оған жер учаскесінің немесе жер

пайдалану құқығының құны, сондай-ақ, жеміс ағаштары мен көпжылдық екпелерді қоса алғанда, учаскедегі жылжымайтын мүліктің нарықтық құны кіреді. Жер учаскесін игеруге, оны пайдалануға, қорғау іс-шараларын жүргізуге, топырақ құнарлылығын арттыруға байланысты шығындардың инфляциясы есепке алынады. Жер учаскесін алып қою кезінде меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға келтірілген шығынды, сондай-ақ, олардың өтемақы мөлшерін айқындау тараптардың келісімімен белгіленеді. Меншік иесі немесе жер пайдаланушы меншік немесе жер пайдалану құқығының тоқтатылуына әкеп соғатын шешіммен келіспесе, дау сот тәртібімен шешіледі. Дауды қарау кезінде меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға келтірілген шығындарды өтеудің барлық шарасы есепке алынды.

Жер кодексінің 84-бабында көрсетілгендей, жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін айрықша жағдайларда, меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының келісімімен мүліктің тең құны өтелген кезде не сот шешімі бойынша мәжбүрлеп иеліктен шығарылады. Пайдалануға берілген жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруда төлемақы құны өтеледі. Жер пайдаланушы берілген құқықты мемлекеттен сатып алмаған жағдайда оның орнына заңға сәйкес басқа жер учаскесі беріледі. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару жариялы түрде жүргізіледі. Жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын тұлғалардың құқықтары сотта қорғалады.

Жер қатынастарынан туындайтын даулар өте өзекті, сондықтан, мұндай санаттағы дауларды сотта қарауға тайғайындауға дейінгі дайындау кезінде қойылған талаптың нысанасы, оның негіздемесі, істің мән-жайын айқындайтын дәлелдемелер нақты болса, бұл өз кезегінде даудың дұрыс және жылдам шешілуіне мүмкіндік жасайды. Қорыта айтқанда азаматтардың жер туралы заңнамалардың қағидаттары мен өздерінің міндеттерін жетік білуі жерге қатысты даулардың алдын алады.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасы судьяларының ІХ съезінде сот мамандарын іріктеу мен олардың құзыретін күшейтуге баса мән берген болатын. Мемлекет басшысының пайымдауынша, Жоғары Сот Кеңесі дербес әрі кәсіби судьялар корпусын қалыптастырудың кепілі болуға тиіс. «Заң мен Тәртіп – әділетті қоғамның негізгі өлшемі. Бұл – заң алдында бәрі бірдей, тең құқылы деген сөз», – деді Президентіміз. Олай болса, еліміздің сот жүйесінде институционалдық өзгерістермен қатар, олардың тиімді жұмыс атқару мәселесі ерекше назар аударуды талап етеді.

Заң мемлекеттің басты тірегі мен өлшемі болса, оның үстемдігін қамтамасыз ету соттардың басты міндеті. Сондықтан, құқық бұзушылықтар орын алғанда істің ақ-қарасын анықтап, әділдікті орнататын сот билігі мемлекеттің оң имиджін қалыптастыруда айрықша рөлге ие. Сот төрелігін жүзеге асыруда судьялар тәуелсіз, Ата Заң, яғни, Конституция мен заңға ғана бағынады. «Судья – сөйлейтін заң, заң – сөйлемейтін судья» немесе «Соты әділ елдің – тұғыры биік», – дейтін теңеулер сот беделінің мемлекет беделімен пара-пар екенінің дәлелі. Соттарға жүктелер міндет ауыр, өйткені оның жауапкершілігі жоғары. Осы себепті, тікелей заңмен жұмыс істейтін судьяларға, судьялыққа үміткерлерге әрқашан да қатаң талаптар қойылады.

Баршамызға мәлім, Қазақстанда Конституциямызға сәйкес, судьялар Мемлекет басшысының Жарлығымен тағайындалады. Ал судьялыққа үміткерлерден біліктілік емтихандарын қабылдауды, жалпы судьялық қызметке қатысты шараларды Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі ұйымдастырады. Бұған қоса соттардың конституциялық өкілеттіктерін, судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеу кепілдіктерін қамтамасыз ету міндеті жүктелген Кеңес аудандық және оған теңестірілген сот судьясының, облыстық және



Аяна АЙТКАЛИЕВА,
адвокат

оған теңестірілген соттың сот алқасы төрағасы мен судьясының, кассациялық сот судьясының, Жоғарғы Сот судьясының бос лауазымдарына кандидаттарды іріктеуді конкурстық негізде жүзеге асырады. Сонымен қатар, конкурс қорытындыларының негізінде аудандық

сот судьясының, облыстық соттың сот алқасы төрағасының, судьясының, кассациялық сот судьясының бос лауазымдарына тағайындау үшін кандидаттарды Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады.

Еліміздің Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы заңында көзделген жағдайда судьялардың бос лауазымдарына кандидаттарды конкурстық тағайындап, сайлау Кеңес құзырына кіреді. Бұған қоса жұмыс істеп жүрген судьялар өкілеттігін тоқтата тұру, тоқтату, сондай-ақ, зейнет жасына жеткен судья қызметінің мерзімін ұзарту мәселелерін, судьялардың Сот жюриі және Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия шешімдеріне шағым жасау туралы жолданымдарын қарайды. Әрі жергілікті және басқа сот судьясының бос лауазымына тағайындау үшін кандидатты ҚР Президентіне ұсынады.

Адам тағдырын таразылау міндетін мойнына алған судьяның білімі мен біліктілігі де қоғамның экономикалық және саяси өмірінде болып жатқан өзгерістерге сай жоғары болуы тиіс десек, сот төрелігі академиясы былтырғы шілде айында Жоғары Сот Кеңесіне өтті. Содан бері судьялардың білім-білігін жетілдіруге жіті көңіл бөлінуде. Кадр резервін қалыптастыру және онымен жұмысты ұйымдастыру тәртібін бекіту, т.б. өкілеттіктерге ие Жоғары Сот Кеңесі барлық деңгейдегі судьяларды іріктеуден бастап тағайындау, ұсынымдар қабылдауға дейін нақты кадрлық функциялары бар толыққанды институт болып табылады.

Судьялар мен судьялыққа үміткерлерге қойылар талаптардың халықаралық тәжірибеге сай үздіксіз күшейтілуін ҚР Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы Дмитрий Малаховтың ізденіске толы әрі нәтижелі жұмысымен байланыстыруға болады. Олай дейтініміз, оның бастамасымен судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсыру мен оны өткізу мерзімін ұзарту тәртібі жетілдірілді. Мысалы, қазіргі таңда емтиханның алғашқы үш кезеңі ай сайын өткізіледі. Бұл үміткерлерге емтиханның барлық кезеңінен орта есеппен 3-4 ай ішінде өтуге мүмкіндік береді, әрі жаңадан құжаттар жинауды талап етпейді.

Бұған дейін үміткерге емтихан тапсыру мүмкіндігі жылына бір рет қана берілетін. Себебі, емтиханнан өтпеген үміткер келесі сынаққа алты айдан кейін ғана бара ала-

тын. Әрі бұл кезде қайтадан құжат жинап, тапсыратын. Осылайша уақыт созыла беретін. Осындай өзгеріс жасау арқылы Дмитрий Малахов судьялыққа кандидаттарды әуре-сарсаңнан арылтты. Тағы бір айта кетерлік оң өзгеріс, биылдан бастап бос судьялық лауазымға конкурс алты рет өткізіледі. Осылайша кадр тапшылығын жою мен судья кадрларын іріктеудің тиімді шаралары жүзеге асырылуда. Бұл мәселеде ашықтық пен жариялылық барынша қамтамасыз етілген. Судьялыққа конкурстар БАҚ беттеріне, сондай-ақ, Кеңестің интернет-ресурстарында жарияланады. Мысалы, Кеңес басшылығы азаматтардың жоғары тұрған және басшылық судьялық лауазымдарға кадр резервіне тұрғысы келетін кандидаттар туралы пікірлерімен санасды. Сондай-ақ, өткен жылдың қазан айынан бастап Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің азаматтар және заңды тұлға өкілдерін жеке қабылдауының тәртібі өзгертілді. Кеңес басшылығы мен лауазымды тұлғалары азаматтарды бұрынғыдай айына бір рет емес күн сайын онлайн және офлайн форматтарда жеке қабылдайды. ҚР Жоғары Сот Кеңесі төрағасының тікелей бастамасымен қолға алынған мұндай игі істер азаматтар мен судьялар құқықтарының қорғалуында жоғары маңызға ие.

Сот билігінде басты рөл атқаратын судьялар әрқашан да қоғамның назарында. Осы себепті, олардың қызметі мінсіздікті талап етеді. Өйткені, мемлекетке де, сотқа да қара қылды қақ жарған шешім ғана абырой әкеледі. Мемлекет басшысының «Негізгі мақсат – жұмыстың барысы емес, нәтижесі болуға тиіс», – деген сөзін еске алсақ, еліміздің сот жүйесіндегі оңтайлы игі істер мен жаңалықтар, қолға алынып жатқан шаралар өркениетті қоғамға лайықталған сот билігін орнату мен Жаңа Қазақстанның абыройын асқақтатуды көздейді.

Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы Дмитрий Малахов тарапынан қолға алынған оңтайлы бастамалар заң саласындағы кәсіби мамандар мен жастарды сот жүйесі жұмысының жаңарып, жандануына жаңа қырынан жұмылдыруға, сондай-ақ, қоғамда кәсіби маман болу құндылығын дәріптеуге, сол арқылы кадр тапшылығын жоюға мүмкіндік береді.

ТІЛ ТАҒДЫРЫ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Қазақ тілінің сөздік қорында екі жарым миллионнан аса сөз бар, бұл ресми түрде дәлелін тапқан ақпарат. Дана билеріміз осынау бай сөздік қорының арқасынданебір күрделі дау-дамайларды шешіп, нүктесін қойған. Қазақ тілінің құдіретін шетелдік ғалымдар мен зерттеушілер де мойындаған. Мәселен, шығыстанушы-түрколог В.В.Радлов өз заманында «Әлем тілдерінің ішінен тек үш тілдің құндылығын мойындадым. Ол – орыс, француз және қазақ тілі» деген екен. Қазақ тілі арқылы еліміздің мәртебесі көтерілген.

Тәуелсіздік алған соң қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып бекітілді. Тіл туралы заңмен республикамыздың бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу тіліне айналды. Сот ісінің қазақ тілінде жүргізілетіні Азаматтық-процестік, Қылмыстық-процестік, Әкімшілік рәсімдік-процестік және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстермен де анық көрсетілді.

Солай бола тұра әлі күнге дейін мемлекеттік тіл мәселесі елімізде өзектілігін жоймай отыр. Оны сот процестерінің басым көпшілігінің орыс тілінде өтуінен көруге болады. Бұған Алматы қаласы мен Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстарында мемлекеттік тілдегі сот өндірісінің 5 пайыздан аспайтынын айғақтайтын ресми мәліметтер дәлел. Осы ретте заңға тоқталсақ, қылмыстық іс жүргізу тіліндегі заңдылықты сақтау қылмыстық процестің негізгі қағидатына жатады. ҚР Қылмыстық процестік кодексінің талабына сай, мемлекетімізде қылмыстық сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі, сонымен қатар, ресми орыс тілі, қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады.



Айнұр ҚЫЗЫЛБАЕВА,
Ақтау қалалық сотының
судьясы

Демек, бұл кез келген қылмыстық істің қазақ тілінде басталуы керектігін көрсетеді. Іс жүргізу тілі жөніндегі заңдылық бұзылса судья қылмыстық заңның негізінде оны жою үшін істі прокурорға қайтарады. Қылмыстық процестік кодекстің 30-бабының талабы сақталмауы қазақ тілді жәбірленушілердің де құқығын бұзады. Мысалы, орыс тілін білмейтін жәбірленуші қылмыстық істі қозғау туралы арызды қазақ тілінде жазғанымен, күдікті қазақ ұлтының азаматы болса да істі орыс тілінде жүргізуді талап етуі мүмкін. Мұндай жағдайда соңғысының талабы орындалатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Осындай кезде қазақ тілді жәбірленушіге орысша материалдар қазақшаға аударылып берілуі керек. ҚПК-нің 320-бабына сай, сот отырысы тағайындаларда жәбірленушіге іс құжаттары мемлекеттік тілге аударылып, таныстырылып-таныстырылмағаны ма, осы секілді тағы басқа жағдайлар жіті тексеріледі. Бұл талап орындалмаса ҚР ҚПК-нің 323-бабына сәйкес, заңсыздықтар жойылу үшін қылмыстық іс прокурорға кері қайтарылады.

Республикамыздың сот саласында іс құжаттары мемлекеттік тілде дайындалады. Кіріс-шығыс құжаттарын қазақ тіліне көшіру жұмыстары да кешенді түрде шешімін табады. ҚР Жоғарғы Соты тарапынан мемлекеттік тілді дамытуға қатысты ауқымды іс-шаралар қолға алынып, судьялар қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуде белсенділік танытуда. Мысалы, мемлекеттік тілде жазылатын сот актілерінің сапасына қойылар талаптар күшейтілді. Соттарда тілге қатысты талаптар қатаң сақталып, әрқашан да мемлекеттік тілге басымдық беріледі. Ақтау қалалық сотында құжат айналымы мемлекеттік тілде жүргізіледі. Ішкі ұйымдастырушылық құжаттар қазақ тілінде шығарылады. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, азаматтардың арыз-өтініштеріне жазылған тіліне қарамастан, мемлекеттік тілде жауап беріледі.

Түсінген адамға мемлекеттік тілде сөйлеуді міндеттеу шарт емес. Осы елде

өсіп-өніп отырған әрбір жан қазақ тілін күнделікті қарым-қатынас тіліне айналдырып, сөйлеуді өзінің Отан алдындағы азаматтық борышы ретінде қабылдауы керек. Мемлекетті құрметтеу, заңға бағыну әркімнің азаматтық парызы. Егер қылмыстық істерде іс материалдары сотқа тек мемлекеттік тілде келсе, азаматтық, т.б. істерде талап арыздар тек қазақ тілінде берілсе, сот өндірісі мемлекеттік тілге өз-өзінен көшеді. Оның жарқын көрінісі ретінде жыл басынан бері сотқа түскен 254 қылмыстық істің 179-ы, яғни, 70,5 пайызы мемлекеттік тілде болғанын келтіруге болады. Сот өндірісінің толықтай мемлекеттік тілге өтуі азаматтар мен құқық қорғау, әділет, т.б. мемлекеттік орындарының жауапкершілігіне тікелей байланысты.

Бабаларымыздың тіл тағдырын – ел тағдырымен теңестіруі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Шындығында, тілдік проблеманың үлкен саяси мәні мен маңызы бар. Тіл мәселесіне бей-жай қарап, немқұрайдылық танытатын болсақ, мемлекетіміз бен ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіріп алуымыз мүмкін» деуі бекер емес. Өйткені, тіл – ұлттың жаны, бірлігімізді бекемдеп, еркіндігімізді баянды етер бірден-бір құрал мемлекеттік тілді ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналдыру кезек күттірмейтін мәселе.

Сондықтан, тілді сақтау – елді сақтау екенін балалар санасына отбасынан сіңірген абзал. Осы тұрғыда ата-аналарға жүктер жауапкершілік жоғары. Себебі, «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Ел мен жерді сүйеге, заңды құрметтеуге жастайынан тәрбиеленген бала сол тәрбиені айналасындағыларға да үйретеді.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, оның мәртебесін көтеру мәселесі барлық жерде кеңінен қолға алынып, күн тәртібіне тұрақты түрде қойылуы тиіс. Бұлай етпейінше жағдайдың жақсармайтынын уақыттың өзі көрсетіп отыр.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

МЕДИАЦИЯНЫ НАСИХАТТАУ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

Медиацияны қазақы ұғыммен айтқанда бітімгершілік, яғни, дауласқан жандардың өз қалауларымен ортақ мәмілеге келуі деп түсіндіруге болады. Тараптардың дауды өзара реттеуіне судьялар мен медиаторлар көмектеседі. Тараптар соттан тыс, сотқа дейін, сотта келісімге келе алады. Коммерциялық дауларда тараптарға сот процесіне қатыспай шешім табуға мүмкіндік беретін ең бірегей тәсіл ол сотқа дейінгі медиация. Медиацияның дауларды шешудің басқа баламалы түрлерінен басты айырмашылығы медиативтік келісім жасасу кезінде тараптар дау нысанының шегінен шығаалады. Ең бастысы, тараптар медиативтік келісімді орындау шарттары мен мерзімдерін белгілеуі тиіс.



Медиацияны қолданудың артықшылығы ерікті түрде орындалмаған бітімгершілік келісім медиативтік немесе парситипативтік келісім жасасқан адамның өтініші бойынша сот беретін атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындауға жатады. Сонымен қатар, келісім жасалған кезде талап қоюшыға бюджеттен талап қою кезінде төленген мемлекеттік баж қайтарылады және сот

талап қоюды қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралардың күшін жояды. Алайда, бизнес субъектілер және несие беруші ұйымдар ескі стереотип бойынша қақтығыс жағдайлары мен даулар туындаған кезде алтын уақыты мен ақшасын жұмсап, соттарға жүгінеді.

Тараптардың медиативтік келісім жасамауына көп жағдайда жауапкердің келісімнен

бас тартуы жалпы талап арызбен келіспеуі, сондай-ық, медиация рәсімі барысында бір-біріне ұсынылған шарттармен келіспеуі, адвокаттарының келісім жасасуға кедергі келтіруі себеп болады. Өкінішке қарай тараптардың өкілдері істі бейбіт жолмен шешу мүмкіндігі туралы өз сенім білдірушілерін хабардар етпейді. Сондықтан, азаматтардың, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың медиацияның артықшылықтарынан хабардар болуы оларға медиаторларға жүгініп, сотқа дейін келісімдер жасасуға мүмкіндік береді.

Талап арыз «Төрелік» сот органдарының ақпараттық жүйесі арқылы барлық судьяға бірдей бөлінеді. Талап қою арызын қабылдауға негіз болса судья тараптарға талап қоюды қабылдау сатысында татуластыру рәсіміне қатысу үшін шақыру жібереді. Шақыруда дауды татуластыру рәсімдерін қолдана отырып шешу құқығы, татуластырудың артықшылықтары мен іс бойынша іс жүргізуді тоқтатудың, сондай-ақ, істі сотта қараудың және сот шешімін орындаудың құқықтық салдары, сотқа талап арыздың келіп түскені туралы хабардар етіледі. Медиацияға қатысу үшін шақыру бойынша келген тараптар татуластыру рәсімінің түрін дербес таңдайды және бұл туралы өтініш хатта көрсетеді.

Өтініш келіп түскеннен кейін судья азаматтық іс қозғау және сот талқылауына дайындық туралы ұйғарым шығарады және татуластыру рәсімін жүргізеді. Сот медиациясын кезінде тараптар іс жүргізуінде іс жатқан судьяның медиацияны өткізуі туралы өтінішхат береді немесе іс медиацияны жүргізу үшін басқа судьяға беріледі.

Татуласу шаралары ҚР Азаматтық процесілік кодексінің 17-тарауымен қарастырылған. Соған орай, тараптар осы тарауда көрсетілген тәсілдердің бірін таңдап, дауды өзара талаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады. Медиация еріктілік, құпиялылық, өзара сыйласушылық, тараптардың тең құқылығы, медиатордың бейтараптығы мен әділігі, рәсімнің ашықтығы қағидаттарының негізінде жүргізіледі. Ол дау шешуде екі тарапты да қанағаттандыра-

тын нұсқаға қол жеткізу мақсатын көздейді. Республика Президентінің жолдауларында қажетсіз сот процедураларын қысқарту және бизнесті қорғауды күшейту тапсырырылған. Осыған байланысты медиацияға ерекше көңіл бөлінеді.

Медиация туралы заңның қолданысқа енгеніне 15 жылға жуықтады. Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің негізгі тәсілдерінің бірі, билер соты дау атаулыны осы тәсілмен, яғни, бітімгершілікпен шешкендіктен бұл заң қазаққа жат емес. Медиация рәсімдерінің көмегімен көптеген даулар тиімді шешілуде. Әсіресе, экономикалық даулардың медиациямен шешілуі тиімді. Медиацияда басты құндылықтар сақталады, мысалы, бизнес барысында туындаған келіспеушіліктердің екі жаққа да тиімді келісіммен бітуі іскерлік қарым-қатынас үшін пайдасы зор. Тараптар өзара келіскенімен, заңсыздық орын алса, сот оны бекітпейді. Кәсіпкерлер арасындағы дауларды бейбіт жолмен шешу, дауларды медиация шеңберінде аяқтау әрқашан да маңызды.

Татуластыру рәсімдері мен медиация институтын одан әрі дамыту, оның орындалу тәртібі мен тиімді жақтары, салдары туралы халық ұдайы хабардар болу үшін насихат жұмыстары жан-жақты ұйымдастырылуы керек. Мысалы, жұртшылық медиация туралы сұрағына тәулік бойы жауап алатын жедел желілердің ашылуы артықтық етпейді. Себебі, бизнес өкілдері, қарапайым халық болсын Медиация туралы заң нормаларын сотқа келгенде біліп жатады. Сондықтан, әрбір қазақстандықтың медиациялық рәсімдер арқылы медиативтік келісім жасасу мәселелері және оны орындау тәртібі туралы білуі, медиация институтын дамытуда маңызды тетік болады.

Айгүл ТУРАЛИЕВА,
Алматы қаласының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

БЕЗ СОМНЕНИЙ В ТОРЖЕСТВЕ СПРАВЕДЛИВОСТИ

В силу п. 3 ст. 76 Конституции РК решения, приговоры и иные постановления судов имеют обязательную силу на всей территории республики. Неисполненный судебный акт способствует зарождению сомнений в торжестве справедливости и эффективности работы всей судебной системы.



Асель АДАМЖАНОВА,
судья Специализированного суда по
административным правонарушениям
г. Павлодара

За неисполнение судебного акта и требований судьи лицо может быть привле-

чено к административной либо уголовной ответственности.

Однако несмотря на вышеуказанные Конституционные нормы об обязательности исполнения судебных актов и ответственности за их неисполнение имеют место случаи, когда постановления суда по делам об административных правонарушениях не исполняются.

Так, в соответствии со ст. 54 Кодекса РК об административных правонарушениях судом могут быть установлены особые требования к поведению лица, совершившего административное правонарушение, предусмотренное ст. ст. 73, 127, 128, 131, 434, 435, 440 (ч. 3), 442 (ч. 3), 448, 461, 482, 485 (ч. 2) настоящего Кодекса на срок от трех месяцев до одного года, предусматривающие в полном объеме или отдельно запрет: вопреки воле потерпевшего разыскивать, преследовать, посещать потерпевшего, вести устные, телефонные переговоры и вступать с ним в контакты иными способами, включая несовершеннолетних и (или) недееспособных членов его семьи; приобретать, хранить, носить и использовать огнестрельное и другие виды оружия; несовершеннолетним посещать определенные места, выезжать в другие местности без разрешения комиссии по защите прав не-

совершеннолетних; употреблять алкогольные напитки, наркотические средства, психотропные вещества. Ч. 2 ст. 669 КоАП предусмотрена административная ответственность за нарушение установленных судом особых требований к поведению правонарушителя.

Дела данной категории рассматривают судьи специализированных районных и приравненных к ним судов по административным правонарушениям.

Объектом правонарушения являются установленный порядок обеспечения функционирования институтов государственной власти, общественные отношения, складывающиеся при соблюдении правил исполнения судебного акта. Совершение рассматриваемого правонарушения влечет административный арест на десять суток.

В большинстве случаев судом устанавливаются особые требования в виде запрета употреблять алкогольные напитки в отношении лиц, совершивших правонарушения в сфере семейно-бытовых отношений, мелкое хулиганство, а также за повторное распитие или появление в общественных местах в состоянии опьянения, оскорбляющем человеческое достоинство и общественную нравственность.

К примеру, вступившим в законную силу постановлением Специализированного суда по административным правонарушениям г. Павлодара от 23 июля 2024 года к поведению А., совершившему в состоянии алкогольного опьянения противоправные действия в сфере семейно-бытовых отношений, установлены особые требования в виде запрета употреблять алкогольные напитки сроком на один год. Однако 20 августа 2024 года при проверке сотрудниками полиции по месту жительства установлено, что А., находясь у себя дома, употреблял алкогольные напитки, тем самым нарушил установленные судом особые требования к его поведению. Постановлением суда от 28 августа 2024 года гражданин А. признан виновным по ч. 2 ст. 669 КоАП и подвергнут взысканию в виде административного ареста на десять суток.

В случаях повторного в течение года нарушения установленных судом особых требований наступает административная ответственность по ч. 3 ст. 669 КоАП, что влечет более

строгое взыскание в виде административного ареста на 20 суток.

Так, постановлением суда от 27 мая 2024 года Г. признан виновным по ч. 3 ст. 669 КоАП с наложением взыскания в виде ареста на 20 суток. Судом установлено, что 28 марта 2024 года к поведению Г. установлены особые требования в виде запрета употреблять алкогольные напитки на шесть месяцев. Однако 28 апреля и в дальнейшем 26 мая 2024 года сотрудниками полиции при проверке по месту жительства Г. установлен за распитием алкогольных напитков. В судебном заседании Г. пояснил, что несмотря на установленный судом запрет употреблять алкоголь, выпивал с друзьями пиво.

При рассмотрении дел указанной категории судом учитываются требования ч. 2 ст. 50 КоАП, согласно которой административный арест не может применяться к беременным женщинам и женщинам, имеющим детей в возрасте до 14 лет, лицам, не достигшим возраста 18 лет, лицам с инвалидностью I и II групп, а также женщинам в возрасте свыше 58 лет, мужчинам свыше 63 лет и мужчинам, в одиночку воспитывающим детей, не достигших 14 лет.

При нарушении установленных судом особых требований лицами указанной категории, их действия квалифицируются по ч. 4 ст. 669 КоАП и влекут штраф в размере 30 МРП.

Всего за 12 месяцев 2023 года Специализированным судом по административным правонарушениям г. Павлодара было привлечено 103 лица за совершение правонарушений данной категории, за десять месяцев 2024 года данный показатель уже составил 223, то есть увеличение дел более чем на сто процентов.

Таким образом, наблюдается значительное увеличение количества выявляемых сотрудниками полиции случаев нарушения установленных судом особых требований к поведению правонарушителя.

Считаю, что уполномоченным должностным лицам необходимо продолжать работу в данном направлении, в том числе путем проведения профилактических бесед и разъяснения правовых последствий совершения правонарушений.

ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫНЫҢ РӨЛІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Құқықтық үдерістердің күрделене түсуі мен әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша даулар көлемінің артуы жағдайында заң консультанттарының өкілеттіктерін кеңейту - құқықтық қорғау жүйесін нығайтудың маңызды қадамына айналды. Бұл өз кезегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша сот ісін жүргізу аясында олардың рөлі мен жауапкершілігі мәселесін алға тартады.



Олжас ӘЛІМОВ,
заң ғылымдарының магистрі,
«Құқықтық қорғау және
заңгерлік қызмет көрсету орталығы»
Заң консультанттары палатасының
төрағасы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 2-тармағына сәйкес, әр адам өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқылы [1]. Бұл құқық 2018 жылғы 5 шілдеде қабылданған «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңы күшіне енгеннен кейін одан әрі дамытылды [2]. Аталған заң елдегі кәсіби заң көмегін көрсету жүйесінде түбегейлі өзгерістерге жол ашты. Заң көмегін көрсетуді жүйелеп, тәртіпке келтіріп қана қоймай, «заң консультанты» ұғымын енгізді. Бұл – білікті заң көмегін көрсетуге құқылы тұлғалар шеңберін кеңейтіп, халық пен бизнес үшін құқықтық қолжетімділікті арттыруға бағытталған жаңалық болды. Сонымен қатар, бұл салада сапа мен этика стандарттарын белгілеуге негіз қалады.

Заңның 75-бабына сәйкес, заң консультанты – жоғары заң білімі бар, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл еңбек өтілі бар, аттестациядан өткен, Заң консультанты палатасының мүшесі болып табылатын және заң көмегін көрсететін жеке тұлға. Заңның 78-бабына сәйкес, заң консультанттарының палатасы – заң көмегін көрсету қызметін реттеу және оның мүшелері тарапынан заңнаманың, оның ішінде палата ережелері мен стандарттарының, сондай-ақ, кәсіби этика кодексінің талаптарын сақтауын қадағалау мақсатында құрылатын, кемінде екі жүз заң консультантын міндетті мүшелікке негіздел-

ген өзін-өзі реттейтін ұйым болып табылады. Заң консультанттарының палатасы уәкілетті органның (ҚР Әділет министрлігінің) тиісті тізіліміне енгізілуге тиіс және 2015 жылғы 12 қарашадағы № 390-V ҚРЗ «Өзін-өзі реттеу туралы» заңға [3] сәйкес өзін-өзі реттейтін ұйым ретінде танылады. Осылайша, заң консультанттары институтының енгізілуі Қазақстан Республикасындағы заң көмегі жүйесін реформалаудың маңызды кезеңіне айналды. Бұл адвокатура институтының жүктемесін едәуір жеңілдетуге және азаматтар мен заңды тұлғаларға білікті заң көмегін алу үшін мамандардың неғұрлым кең таңдауын ұсынуға мүмкіндік берді.

Адвокаттардан айырмашылығы, заң консультанттары заң көмегінің түрлеріне қатысты анағұрлым аз шектеулерге ие, дегенмен, олар халықтың құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Заңның 76-бабында заң консультанты көмек сұраған тұлғаға Республика заңнамасымен белгіленген тәртіп пен шарттарға сәйкес кез келген заң көмегін көрсетуге құқылы екені көзделген.

Заң күшіне енген сәттен бастап, заң консультанты мәртебесін алуға ниет білдірген заңгер мамандар саны айтарлықтай артқаны байқалады. Бұл олардың кәсіби қызметіне деген сұраныстың өскенін және заң консультанттары институтының нығаюы мен дамуына ықпал етіп жатқанын көрсетеді. ҚР Әділет министрлігінің реестр деректеріне сәйкес, қазіргі таңда елде «әрекет етуші» мәртебесі бар 10 358 заң консультанты және 52 заң консультанттары палатасы тіркелген [4].

Практикалық қызметті талдау көрсеткендей, заң консультанттары институты халық арасында жоғары әлеуметтік маңыз бен сұранысқа ие. Заң консультанттары палаталары кәсіби мамандарды біріктіру, көрсетілетін қызметтердің сапасына бақылау жүргізу және кәсіби этика нормаларының сақталуын қамтамасыз ету бағытында тиімді жұмыс атқарып келеді. 2025 жылғы 10 қаңтарда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев заң консультанттарының қызметіне қатысты ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (ӘҚБтК) өзгерістер мен то-

лықтырулар енгізу туралы заңға қол қойды [5].

Маңызды өзгерістердің бірі – ӘҚБтК-нің 668-бабының толықтырылуы болды. Бұл бап заң консультантының заңды қызметіне кедергі келтіргені үшін жауапкершілік көздейді: лауазымды тұлғаларға – он бес, заңды тұлғаларға – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Бұл өзгеріс үлкен маңызға ие, себебі, осы уақытқа дейін заң консультантының қызметі тиісті құқықтық кепілдіктермен қамтамасыз етілмеген болатын. Бірақ, ең маңызды өзгеріс – жаңартылған ӘҚБтК-нің 748-бабына сәйкес, енді әкімшілік соттарда қорғаушылар ретінде тек адвокаттар ғана емес, сонымен қатар заң консультанттары да қатыса алады. Бұған дейін қорғауды жүзеге асыру құқығы тек тиісті лицензиясы бар адвокаттарға ғана берілетін.

Заң консультанттары өкілеттіктерінің кеңеюі азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығын неғұрлым тиімді қамтамасыз етеді. Енді олар әкімшілік жауапкершілікке тартылып жатқан тұлғалардың мүдделерін білдіре алады, бұл құқықтық қорғаудың қолжетімділігін арттырады, әсіресе, адвокаттар саны жетіспейтін өңірлерде. Бұл өзгерістер құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз етудегі теңсіздіктерді жоюға және азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін нығайтуға бағытталған.

Алайда, бұл өзгеріс адвокаттар қоғамдастығы тарапынан елеулі сынға ұшырады [6]. Заң консультанттарының өкілеттіктерін кеңейтуге қарсы негізгі дәлел – кәсіби қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптардың, әсіресе, әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша қорғау саласында адвокаттар мен заң консультанттары үшін тең болмауында болып отыр.

Адвокаттар мен заң консультанттарының



- Азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заң көмегін көрсетуге құқылы.
- Мемлекеттік құпияны құрайтын, сондай-ақ әскери, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпараттан танысуға құқылы жоқ.
- Мемлекеттік қызметте болуға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынады.
- ҚР ӘҚБтК-нің 668-бабымен қорғалған (қызметіне кедергі келтіру).



- Азаматтық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы, сондай-ақ, жәбірленушінің мүддесі үшін жекелеген қылмыстық істер бойынша заң көмегін көрсетуге құқылы.
- Мемлекеттік құпияны құрайтын, сондай-ақ әскери, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпараттан танысуға құқылы жоқ.
- Шектеулері жоқ және өз қызметін басқа да ақилы жұмыс түрлерінен қоса атқара алады.
- ҚР ӘҚБтК-нің 668-бабымен қорғалған (қызметіне кедергі келтіру).

басты айырмашылығы мынада:

Олардың біліктілігін салыстыруға келмейді және әкімшілік процестерге қатысуына тыйым салу туралы пайымдаулардың жеткілікті құқықтық негізі жоқ. ӘҚБтК 748-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес, заң консультанттары енді адвокаттармен қатар қорғаушы ретінде қатысу құқығына ие болды. Адвокаттар қауымдастығының заң консультанттарының әкімшілік іс жүргізуге қатысу мүмкін еместігі жөніндегі уәждері – нормативтік және құқық қолдану тәжірибесін ескермейтін субъективті ұстанымға негізделген.

Біріншіден, заң консультанттары заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес, келетін қажетті біліктілікке ие. Олардың қызметі заңмен реттеледі және олар да, адвокаттар сияқты, аттестациядан өтеді, бұл олардың кәсіби даярлық талаптарына сай келуін қамтамасыз етеді.

Екіншіден, әкімшілік іс жүргізу – азаматтық іс жүргізу секілді құқық қолданудың маңызды салаларының бірі болып табылады. Онда азаматтардың құқықтарын қорғау тек материалдық құқықты білумен ғана емес, сонымен қатар процестік өкілдік ету дағдыларын меңгерумен байланысты. Заң консультанттары азаматтық істер бойынша соттарда өкілдік қызметін жүзеге асырады, бұл олардың әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғалардың мүдделерін тиімді қорғауға қабілетті екенін дәлелдейді.


Үшіншіден, қорғаушылар қатарын тек адвокаттармен шектеу – Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген құқықтық көмектің тең қолжетімділік қағидатын бұзады. Білікті заң көмегінің қолжетімділік қағидаты – әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғаның өзіне қорғаушыны біліктілігіне, тәжірибесіне және сенім деңгейіне қарай

таңдау құқығын білдіреді. Осылайша, заң консультанттарын әкімшілік іс жүргізуге қорғаушы ретінде қатысу құқығы бар тұлғалар қатарына енгізу – орынды шешім болып табылады және құқықтық мемлекет қағидаттарына, сондай-ақ, халықаралық тәжірибеге толық сәйкес келеді. Адвокаттар қауымдастығының

қарсылығы заң көмегінің қолжетімділігін арттыруға бағытталған заңнама талаптарын және құқық қолдану практикасының шынайы жағдайын ескермейді.

Заң консультанттарын өкілеттіктерінің кеңейтіліп, әкімшілік сот ісін жүргізуде қорғаушы ретінде қатысу құқығы берілген жағдайда, маңызды қағидатты естен шығаруға болмайды. Өкілеттік қаншалықты кең болса, жауапкершілік те соншалықты жоғары болады. Осы тұрғыдан алғанда, азаматтардың әкімшілік істердегі құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау сияқты аса маңызды салада заң консультанттарына жаңа өкілеттіктер беру – олардың кәсіби біліктілігіне және қызмет сапасына қойылатын талаптарды күшейтуді қажет етеді. Мысалы, заңгерлік қауымдастық ішінде заң консультанттары институтын біріктіру мәселесі ұзақ уақыт бойы талқыланып келеді. Соңғы уақытта Қазақстан Республикасындағы барлық заң консультанттары палаталарының республикалық Заң консультанттары алқасына (РЗКА) міндетті мүшелігі туралы мәселе жиі көтерілуде. Мұндай шара заң көмегін көрсету стандарттарын біріздендіруге, консультанттардың қызметіне бақылау деңгейін арттыруға, сондай-ақ, қоғам мен мемлекет алдындағы ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етуге ықпал етер еді.

РЗКА-ға міндетті мүшелікті енгізу – консультанттардың палаталар арасында жауапсыз ауысуы, бірыңғай реестрдің болмауы және сапасыз заң көмегі үшін жауапкершілікке тарту қиындығы сияқты бірқатар мәселелерді шешуге сеп болар еді. РЗКА аясында бірігу – мамандардың біліктілігін орталықтандырылған түрде арттыруға, олардың мүдделерін мемлекеттік деңгейде ұсынуға және сот практикасының өзекті мәселелері бойынша қызметті үйлестіру-



ге мүмкіндік береді. Осылайша, РЗКА-ға міндетті мүшелікті заңнамалық тұрғыдан бекіту, әсіресе, заң консультанттарының әкімшілік сот ісін жүргізудегі жаңа өкілеттіктері аясында, олардың қызмет сапасы мен жауапкершілігін арттыру жолындағы маңызды қадам болар еді.

Сонымен қатар, заң консультанттарын аттестациялау рәсіміне қатысты бірыңғай, заңнамалық түрде бекітілген талаптардың болмауы алаңдаушылық туғызады. Қазіргі уақытта аттестация сұрақтарының тізбесін әр палата өз бетінше қалыптастырады. ҚР Әділет министрлігімен бекітілген бірыңғай стандарттың жоқтығы аттестация талаптары мен кезеңдерінің әртүрлі палаталарда айтарлықтай ерекшеленуіне алып келеді. Атап айтқанда, кейбір палаталардың аттестация бағдарламасына ӘҚБТК білуге қатысты сұрақтар мүлдем енгізілмеген. Бұған қоса, қолданыстағы заңнамада аттестациялық тестілеуге ӘҚБТК сұрақтарын міндетті түрде енгізу талабы тікелей қарастырылмаған. Осыған байланысты, аттестациядан сәтті өтіп, заң көмегін көрсетуге және әкімшілік сот ісін жүргізуде қорғаушы ретінде қатысуға

құқық алған заң консультантының әкімшілік заңнама нормаларын жеткілікті деңгейде білмеуі және аттестация кезінде бұл білімдердің тексерілмеуі әбден мүмкін. Бұл жайт жекелеген заң консультанттарының әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша білікті қорғауды қамтамасыз етуге дайындығына күмән келтіреді және олардың кәсіби даярлығына қойылатын талаптарды біріздендірудің қажеттілігін нақтылай түседі.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасында заң консультанттары институтының өкілеттіктерін кеңейту – заң көмегін көрсету жүйесінің дамуындағы заңды кезең болып табылады. Алайда, талдау көрсеткендей, бұл үдеріс қосымша зерделеуді және заңнамалық реттеуді қажет ететін бірқатар мәселелермен қатар жүруде. Құқықтық қорғаудың қолжетімділігін арттыру оның сапасына зиян келтірмеуі тиіс, ал өкілеттіктерді кеңейту – жауапкершіліктің артуын білдіреді. Осыған орай, адвокатураны, заң консультанттары палаталарын және мемлекеттік органдарды қоса алғанда, бүкіл заңгерлік қауымдастық арасында конструктивті диалогты жалғастыру маңызды. Мұндай диалог заңдылықты нығайтуға және әрбір азаматтың білікті заң көмегін алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталған теңгерімді шешімдерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған);
- 2018 ж. 5.06 «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заң;
- «Өзін-өзі реттеу туралы» 2015 ж. 12.11 № 390-V ҚРЗ заң;
- Заң консультанттары палаталарының тізілімі: <https://aisoip.adilet.gov.kz/useful-info/legal-advisers?lang=ru>;
- 2025 жылғы 10 қаңтардағы № 155-VIII «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң;
- Адвокаттар алқалары делегаттарының республикалық конференциясының 2025 жылғы 28 ақпандағы РЕЗОЛЮЦИЯСЫ (https://online.zakon.kz/document/?doc_id=34374754&pos=3;-92#pos=3;-92)

САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

Сақтандыру компанияларының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін Solvency II халықаралық стандартын толықтай енгізу Қазақстандағы сақтандыру нарығын дамытуда тиімді тетік болып табылады. Сондықтан, қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі осы мәселеге қатысты жұмыстарды қарқынды түрде жалғастыруда. Агенттік төрағасы Мәдина Әбілқасымованың сөзіне жүгінсек, өткен жылдың соңында сақтандыру секторында негізгі көрсеткіштердің барлығы жоғары көрсеткішке жеткен. Нақты айтсақ, активтер – 25, сыйақылар – 51, төлемдер – 22, жасалған шарттардың саны 36 пайызға көтерілген. Осы көрсеткіштерде ерікті автосақтандыру (КАСКО) мен зейнетақы аннуитеттері көш басына шыққан.



Сақтандыру ұйымдарында тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жақсарған. Сақтандыру қызметіне SRES қадағалап бағалауын жетілдіру үшін биыл сақтандыру қызмет-

терін тұтынушылардың шағымдарын ескеретін қосымша сандық көрсеткіш енгізілді. Биылғы жылы қадағалау қызметінің негізгі бағыттарына – корпоративтік басқару, сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау, қайта сақтандыру, сондай-ақ, КЖ/ТҚҚ мәселелері кірді. Сақтандыру қызметін алудың толық циклы цифрландырылуы сақтандырушылар мен клиенттердің өзара іс-қимылында маңызды қадамға айналған. Мысалы, автосақтандыруда төлемдердің жеңілдетілген тәртібімен өткен жылы 2,3 млрд теңге төленген. Сондай-ақ, төлемдерді алу мерзімінің тоқсан күннен алты күнге қысқартылуы аталған қызметке жұртшылықтың қызығушылығын оятуда айтарлықтай серпін берген.

Былтырғы қазан айынан барлық медицина ұйымдары сақтандыру қызметтерін Бірыңғай сақтандыру пулы платформасы арқылы алған. Осының нәтижесінде 139 мың медицина қызметкерінің жауапкершілігі сақтандырылған. Соңғы жеті жылда сақтандыру нарығына сақтандырудың жеті жаңа түрі іске қосылуы сала жұмысын одан әрі дамытты.

Бұдан бөлек өндірістегі жазатайым оқиғалардан сақтандырудың (ЖОМС) әлеуметтік маңызы бар түрлері жақсартылды. Мысалы, зияны көп жұмыс орындарында еңбек ететіндер зейнетке 55 жаста шықса, оларға күнкөрістің ең төменгі мөлшерінде ай сайын сақтандыру төлемін беру көзделген. Ақпараттарға сүйенсек, өткен жылы осы жағдай бойынша 2,9 млрд теңге төленіп, өтініш берген 10,6 мың адамға 22 млрд теңгеге сақтандыру резерві қалыптастырылған.

2024 жылдың соңында «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесінде заңнамалық түзетулер жасалды. Соған орай, мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі аясында сақтандыру өніміне халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларға 120 айлық есептік көрсеткішті (АЕК), қалғандарына 60 АЕК-ті құрайтын бастапқы капитал қосылған.

Сақтандыру компаниялары IT-компанияларды инвестициялауға мүмкіндік алуға. Бұл қадам өз кезегінде халық пен бизнес өкілдерінің сақтандыру қызметтеріне қолжетімділігін арттырады.

Азаматтардың мүлкін табиғи апаттардан сақтандыру саладағы негізгі басымдықтардың бірі саналады. Өйткені, қазіргі таңда бұл бойынша көрсеткіш 3,2 пайызды құрайды. Азаматтардың мүлкін апаттық тәуекелдерден міндетті сақтандырудың оңтайлы үлгісі әзірленуде. Агенттік бұл шараны Үкіметпен бірге жүзеге асырады. Себебі, апаттық тәуекелдерден сақтандырудың тиімді үлгісі мемлекет бюджетінің жүктемесін азайтумен қатар, қауіпті өңірлерде орналасқан жұртшылықтың мүлкін сақтандырып қорғауды қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда, сақтандыру саласын дамыту халықтың қаржылық тәуекелдерін төмендетуде маңызды рөл атқарады. Сақтандыру ұйымдарының институционалдық инвесторлар ретінде әрекет етуі мемлекеттік бюджетке түсетін жүктемені азайтуға ықпал етеді.

Қазақстан цифрлық сервистердің қаржылық қолжетімділігі бойынша әлемдегі 10 елдің қатарына кіреді. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі тарапынан цифрландыру, ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз ету, т.б. шаралар қарқынды түрде жүргізілуде. Қаржы секторындағы тағы бір маңызды фактор халық пен бизнес өкілдеріне цифрлық шешімдердің қолжетімділігін арттыру болып табылады. Осы тұрғыда да айтып өтсек, өткен жылдың соңғы айындағы мәліметтер еліміздің қаржы және сақтандыру саласында 7,2 мың шағын және орта бизнес субъектісі тіркелгенін көрсетсе, солардың 69,3 пайызының жұмысы қарқынды жүруде. Ел экономикасындағы ең өнімді салалардың бірі саналатын қаржы секторы 464 млрд теңгеге жуық өнім шығарып, 26 мыңнан аса адамды жұмыспен қамтып отыр.

Қаржы және сақтандыру қызметі экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Салаға заманауи технологияларды енгізу және қаржылық қызметтерге қолжетімділікті жақсарту, білікті мамандармен қамтамасыз ету, қаржылық сауаттылықты арттыру шаралары жүйелі түрде жалғасуда.

Т.СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
журналист

ОБ ИНСТИТУТЕ ПОМОЩНИКА СУДЕЙ

В рамках проводимой работы по совершенствованию судебной системы в последнее время активно обсуждается внедрение института помощника судей. Позиционируется данная новелла для оптимизации рабочего времени судьи, в целях обеспечения концентрации на отправлении правосудия, с высвобождением от отнимающей львиную долю рабочего времени технической работы.



Канат АМИРАЛИН,
судья Специализированного
межрайонного административного
суда Карагандинской области

При этом у противников новеллы возникает резонный на первый взгляд довод, что у судей и так есть помощники в виде секретаря судебного заседания, а также недавно введенного в гражданское судопроизводство консультанта, соответственно, нецелесообразно раздувать штат работников судебной системы, заниматься дублированием функций.

Так, Законом от 2 апреля 2019 года в Гражданский процессуальный кодекс РК введен новый участник рассмотрения дела «консультант» – государственный служащий, который обеспечивает формирование дела, выполняет

законные поручения судьи, направленные на подготовку и организацию судебного процесса (ст. 56-1 ГПК).

Законодательно консультант должен был взять на себя большую часть работы секретаря судебного заседания, ограничив последнего лишь техническими функциями (ведение протокола, аудиовидеозаписи и тому подобное).

Однако на практике должность консультанта пока еще не нашла единообразного и повсеместного внедрения в судебную систему, что затрудняет проведение какого-либо более или менее научно обоснованного анализа.

Вместе с тем функции помощника теоретически отличаются от функций консультанта и секретаря, которые оба в совокупности целиком и полностью заняты только обеспечением организации судебного процесса: вызовом сторон, направлением уведомлений, подготовкой зала к судебному заседанию, записью АВФ, ведением протокола, формированием материалов дела, сдачей в архив и так далее.

Тогда как в отличие от консультанта и секретаря судебного заседания помощник судьи, не являясь участником процесса, своей работой должен содействовать выполнению судьей его профессиональных функций, способствовать эффективности деятельности судьи, направленной на качественное и оперативное рассмотрение дел.

К примеру, с введением в действие Административного процедурно-процессуального кодекса РК, созданием специализированных административных судов в последние годы устойчиво сохраняется тенденция постоянного роста поступающих административных исков,

следствием чего является большая нагрузка на судей. При этом разнообразие подлежащих разрешению споров требует от судей постоянного изучения большого объема профильного законодательства (как законов, так и подзаконных актов, приказов, инструкций и так далее), что обуславливает основные временные затраты судьи на поиск нужных для правильного разрешения дела нормативно-правовых актов. В функции секретаря судебного заседания не входит сбор и анализ законодательства, да и нет на это времени. Консультант же может взять на себя такую работу. Поэтому в этой части действительно прослеживается некоторое дублирование функций с помощником.

Кроме того, в административном судопроизводстве одним из основных принципов является активная роль суда, что предполагает самостоятельный сбор доказательств судьей. В такой ситуации помощь теоретически грамотной, имеющей хоть и небольшой, но опыт юридической работы помощника была бы очень кстати. И эта функция также имеется у консультанта.

Предполагается, что помощник судьи должен выполнять основную работу по подготовке дела к рассмотрению, в чем и должно быть его главное предназначение – качественно подготовить дело, чтобы судебное разбирательство было максимально эффективным и быстрым, при этом должны быть соблюдены все требования материального и процессуального законов. Практически такие же функции возложены на консультанта (ч. 2 ст. 56-1 ГПК).

Налицо реальные сложности с определением статуса помощников судей, так как фактически уже имеется аналогичная фигура консультанта. Поэтому необходимо дорабатывать идею путем апробирования в судебной практике районных и приравненных к ним судов.

Вопрос финансирования работы помощников судей также актуален.

С учетом баланса практической и экономической целесообразности внедрения такого института, считаем возможным сначала запуск пилотного проекта, где в качестве помощников судей использовать лиц, успешно сдавших квалификационный экзамен на должность судьи, проходящих оплачиваемую стажировку. Для усиления ответственности и стимула у кандидатов на такую работу правильнее будет наделить помощника судьи статусом государственного служащего либо приравненного к госслужащему. Вопрос формирования корпуса кадрового резерва открытый и подлежит еще неоднократному обсуждению в целях дальнейшего развития и совершенствования.

На первых порах введения института помощ-

ников судей неизбежно появятся проблемные вопросы с определением круга обязанностей и полномочий. Возникнет неопределенность в отношении разграничения функций секретаря судебного заседания и помощника судьи.

Предполагается, что помощники судей не должны заниматься лишь технической работой по поручению судьи. Основной их задачей должно быть изучение и анализ материалов дела, профессиональный подбор и системный анализ нормативно-правовой базы, а также сложившейся судебной практики по аналогичным делам, сбор доказательств. Для этого помощник судьи наделен правом самостоятельно подписывать и направлять запросы в различные организации, юридическим и физическим лицам. Основным стимулом работы для самих помощников будет являться реальная практика, проверка своих профессиональных качеств, осознание правильности выбора и своей пригодности к работе в должности судьи.

По результатам пилотного проекта в последующем возможно регламентирование работы помощника в Положении о прохождении стажировки кандидатов в судьи или отдельным типовым положением и введением этой штатной единицы с обозначением его должности в Законе Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей».

В первое время конечно же участие помощников судей в судебных заседаниях представляется невозможным, так как в состав суда они не входят, участниками процесса не являются.

Чтобы избежать жалоб со стороны участников процесса, наверняка придется и вовсе отказаться от присутствия помощников в зале судебного заседания даже в статусе слушателя.

Однако со временем возможны внесения изменений в процессуальные кодексы и легализация статуса помощников. Но об этом говорить еще рано, так как этот новый институт подлежит тщательному тестированию в условиях реальной судебной практики.

Пока же, как указано выше, основная обязанность помощника судьи должна быть заключена в подготовке дела к рассмотрению и подготовке проектов процессуальных документов.

Сгладить грядущие шероховатости возможно лишь на практике и никак иначе. Если стажеров официально назначать на должность помощников судей с четким закреплением их прав и обязанностей, то практика покажет все узкие места и постепенно выработается более или менее приемлемая концепция. Хочется верить, что проект будет успешным и принесет пользу судебной системе, разгрузит судей от технической работы и усилит качество правосудия.

ҚАЛАМЫ ҚАРЫМДЫ ҚАЙРАТКЕР

Тарихта ұлтына шексіз қызмет етіп, бар ғұмырын сол жолға арнаған ұлы тұлғалар аз емес. Олардың ішінде ұлт руханиятын түгендеп, сан ғасырлық мұраны келер ұрпаққа аманаттаған жандардың орны ерекше. Сондай бірегей тұлғаның бірі – Зейнолла Сәнік. Ол қазақтың жоғын жоқтаған, барын ұлықтаған қайраткер. Жазушы, этнограф, фольклоршы, баспагер, зерттеуші сынды сан қырлы талантты бойына жиган дара тұлға. Оның әр шығармасы – қазақтың қатпарлы тарихының айнасы, ұмыт қалған мұраның жаңғырығы.



БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ МЕН БІЛІМГЕ ҰМТЫЛЫСЫ

Зейнолла Сәнік 1935 жылы 15 сәуірде Қытай Халық Республикасының Тарбағатай аймағы, Шағантоғай ауданында дүниеге келген. Бала күнінен зеректігімен, алғырлығымен ерекшеленген ол кітапқа деген құштарлығын ерте танытты. Алайда, білім алу жолында көптеген сынақтар болды. Соған қарамастан, өзінің ізденімпаздығы мен еңбекқорлығының арқасында үлкен жетістіктерге жетті. Мектепті небәрі сегіз жылдық біліммен аяқтаған Зейнолла Сәнік

оқуға деген құштарлығын тоқтатпады. Білімі мен білігінің арқасында Қытай Қазақ комсомол бастауыш ұйымында қызмет атқарды. Кейінірек Пекиндегі Комсомол мектебінде оқып, қытай тілін жетік меңгерді. Оның ерекше зеректігінің нәтижесінде оқуды еш қиындықсыз аяқтап, өз халқының руханиятына адал қызмет етуге бел буды.

ҚАЛАМГЕРЛІК ЖӘНЕ БАСПАГЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

Зейнолла Сәнік шығармашылық жолын журналистикадан бастады. Ол зерттеушілік

пен әдебиетке деген ерекше ықыласын журналистік қызметімен ұштастыра білді. 1957–1970 жылдары Үрімжідегі «Жастар» баспасында жауапты редактор болып қызмет атқарды. Бұл баспаның басты мақсаты – жас буынның санасын ұлттық рухта тәрбиелеу, олардың бойына қазақы қасиетті сіңіру еді. Қаламгер баспада жүріп, көптеген шығармаларды аударып, өңдеп, қазақ балаларына рухани азық боларлық еңбектерді жарыққа шығарды. Ол өз жұмысында тек кітап басып шығарумен шектелмей, әдеби мұраларды жинақтаумен де айналысты.

Қазақ фольклоры мен этнографиясына қатысты түрлі зерттеулер жүргізді. Алайда оның бұл еңбегі біреулерге жақпады. 1970 жылы Зейнолла Сәнік «халық жауы» деген жаламен қуғынға ұшырады. Бұл – оның өміріндегі ең ауыр кезеңдердің бірі еді. Бірақ осы қиындықтың өзі оның рухын сындыра алмады. Керісінше, ол қанша ауыр еңбекке жегілсе де, қолынан қаламын тастамай, халқына қызмет етуді тоқтатпады. Жың ауданында ауыр жұмыстар атқара жүріп, қазақ халқының өткенін зерттеуді жалғастырды. Ауылдың көнекөз қарияларынан деректер жинап, ел арасындағы аңыз-әңгімелерді қағазға түсірді. Бұл оның өз ұлтына деген шексіз махаббатының көрінісі еді.

ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІ ЖӘНЕ ТАРИХИ МҰРАСЫ

1978 жылы Зейнолла Сәнік толықтай ақталып, «Халық баспасында» редакторлық қызметіне қайта кірісті. Осы жылдары оның қаламынан бірнеше құнды туындылар туды. Қаламгер шығармашылығы екі үлкен бағытта дамыды. Бірі – көркем әдебиет, екіншісі – зерттеу еңбектері. Ол қазақ тарихындағы айтулы тұлғалар жайлы деректер жинап, олардың бейнесін қайта тірілтті. Сол еңбектерінің нәтижесінде «Қабанбай батыр», «Қаракерей Қабанбай», «Тау жұлдызы», «Қазақ этнографиясы», «Хан батыр – Қабанбай», «Атаның алтын іздері» сынды құнды зерттеулері жарық көрді.

Зейнолла Сәнік қазақ этнографиясын

зерттеуге ерекше көңіл бөлді. Оның фольклорға деген қызығушылығы жай әуестік емес, ұлттың өткенін жаңғыртуға деген құлшынысы еді. 2016 жылы «Ан Арыс» баспасынан жарық көрген «Қазақ этнографиясы» атты еңбегі осының айқын дәлелі. Бұл туындысында автор қазақ халқының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, наным-сенімі туралы мол мәлімет берді. Оның тарихи зерттеулері ішінде ең маңызды еңбектерінің бірі – Қабанбай батыр туралы жинақ. 1986 жылы Бейсенғали Садықанұлымен бірлесіп, «Қабанбай батыр» атты алғашқы зерттеу кітабын шығарды. Бұл еңбек кейіннен 1991 жылы Алматыда «Жазушы» баспасынан «Қаракерей Қабанбай» деген атпен басылып шықты. Осы еңбектің арқасында батыр бабамыздың ерлігі қайта жаңғырып, оның 300 жылдық мерейтойы ресми түрде аталып өтті.

МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҰРПАҚҚА ҚАЛДЫРҒАН АМАНАТЫ

З.Сәнік тек жазушылықпен шектелмей, өзінің өмірлік ұстанымын іске асыруға тырысты. Ол қазақтың рухани байлығын келер ұрпаққа жеткізу үшін талмай еңбек етті.

Оның жинаған мұрасы – тек тарихи дерек қана емес, ұлттық сананы оятар құндылық. Қаламгердің еңбектері бүгінде қазақ әдебиетінің алтын қорында. Оның шығармашылығы мен зерттеулері қазақ халқының өткенін түгендеп, рухани мұрасын жаңғыртты. Ол өзге елде өмір сүрсede, ұлт үшін аянбай еңбек етіп, қазақ мәдениетінің шамшырағы бола білді. Зейнолла Сәнік есімі мәңгілік халық жадында сақталады. Оның қалдырған мұрасы – болашақ ұрпаққа аманат, ал өмір жолы – өскелең ұрпаққа үлгі.

«Ұлт үшін еңбек еткен адамның аты ешқашан ұмытылмайды.»

**Бибінұр ҚҰЛМАХАНБЕТҚЫЗЫ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
журналистика факультетінің
3 курс студенті**

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСТІҢ МАҢЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы жаңа Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына жолдауында әлеуметтік салаға басты назар аударылды. Әлеуметтік қамсыздандыру саласы көптеген заңдармен және заңға сәйкес ондаған құқықтық актілермен реттелді, бұл өз кезегінде жүйесіздігіне әкеп соқтырды. Соның салдарынан мемлекет жауапкершілігі айқындалмай, азаматтар өз құқықтарын жетте түсінбей жүр.



Әлеуметтік кодекс жобасы Қазақстан Республикасы құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығына сәйкес әзірленді.

Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі азаматтарды әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік заңнамасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында қабылданған Әлеуметтік кодекс 2023 жылдың 1 шілдесінен күшіне енді. Осы

негізде әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласындағы біртектес қоғамдық қатынастарды жетілдіру және оларды құқықтық реттеу, сондай-ақ, әлеуметтік саладағы мемлекетіміздің негізгі бағыттары мен даму жолдары айқындалды. Негізгі заңнамаларды әлеуметтік салада қалыптастыратын Әлеуметтік кодекс нормалары қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған.

Қазақстанның әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласындағы заңнамаларды бір жүйеге кодификациялау негізінде Әлеу-

меттік кодекстің басты мақсаты мен міндеттері айқындалды. Әлеуметтік кодекстің негізгі бағыттары азаматтарды әлеуметтік қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қауіпті біріктіретін институттардан және осы саладағы мәселелерді шешу мақсатында жаңадан құқықтық тұрғыдан реттелетін біртектес қоғамдық қатынастарды қалыптастыруы тиіс.

Әлеуметтік саясат мемлекеттің әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерге, азаматтар әл-ауқатының өсуіне, олардың өмірін жақсартуға, материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға, өмір салтын жетілдіруге байланысты әлеуметтік топтар, жалпы қоғам мен оның мүшелері арасындағы қатынастарды реттейтін жалпы ішкі саясатының бір бөлігі болып табылады. Әлеуметтік кодекс әлеуметтік құқықтық қатынастарды реттеу негіздерін белгілеуге, азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарда бекітілген әлеуметтік құқықтарын және оларды іске асыру тетігін бекітуге, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласындағы қатынастарға қатысушылардың құқықтық жағдайын айқындауға және азаматтардың әлеуметтік қамсыздандыруға құқықтарының туындау негіздерін, жүзеге асырылуы, өзгеру мен қорғау тәртібін реттеуге бағытталған.

Әлеуметтік кодекстің ерекше бөлімі әлеуметтік қамсыздандыру құқығының жекелеген институттарына, атап айтқанда, зейнетақы, жәрдемақы, әлеуметтік өтемақы, міндетті әлеуметтік және медициналық сақтандыру және көмек, атаулы нысаналы көмек, жұмыспен қамту және жұмыссыздарға берілетін жәрдемақы, жұмысқа орналыстыру туралы арнайы институттарды біріктіру арқылы негізделген. Әлеуметтік кодекстің әрбір тарауында әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін белгілеу, сондай-ақ оның элементтерін әлеуметтік қамсыздандырудың тиісті түріне құқығы бар азаматтардың санаттары, тағайындау шарттары, анықтау, белгілеу, есептеу, тағайындалу мөлшері мен мерзімі, төлеу тәртібі анықталып көрсетілген.

Әлеуметтік кодекстің негізгі мақсаты мен міндеттері:

- қолданыстағы әлеуметтік заңнамаларды кодификациялау және заңнамаларды біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін жүйеге келтіру;

- әлеуметтік қамсыздандыру құқығының негізгі институттарын біріктіру;

- әлеуметтік қамсыздандырудың қолданыстағы төленетін материалдық төлемдер мен әлеуметтік көмектердің нақты түрлерін анықтау, есептеу, тағайындау және төлем мөлшерін көрсету.

ТДМ-2030 1) азаматтардың өмір сапасын арттыруға, 2) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына, 3) экологиялық тұрақтылығына бағытталған 2030 жылға дейінгі мақсаттар мен индикаторлардың кешенді жинағы болып табылады. ТДМ 2030 жылға дейін жетуге тиіс 17 мақсаттан, сондай-ақ, оларға байланысты 169 міндеттен және 242 индикатордан тұрады. ТДМ үш компонентті біріктіру арқылы тұрақты дамуға жетуіне жәрдемдесуі тиіс: 1) экономикалық, 2) әлеуметтік, 3) экологиялық.

Әлеуметтік кодекстің қабылдануының негізгі мақсаты әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру және дамыту, атап айтқанда, заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді халықаралық стандарттар мен нормаларға сәйкестендіру, отбасын, ана мен баланы қолдауды дамыту, азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, арнаулы әлеуметтік жүйесінде көмек менеджментінің тиімділігін, әлеуметтік қызметкерлердің мәртебесі мен кәсіби деңгейін арттыру, республикада әлеуметтік тәуекелдердің алдын алу практикасын енгізу, қызметтердің сапасын және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру шараларының тиімділігін арттыру болып табылады.

Ж.ҚАРАШЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
доктор PhD доцент,
Ж.САПАРБЕКОВА,
аға оқытушы

МЕРЕКЕ – МЕРЕКЕГЕ ЖАЛҒАСТЫ

Бұл күндері Наурыз мейрамын елімізде барлық ұлт пен ұлыс бірігіп мемлекеттік дәрежеде тойлау, салт-дәстүрімізді, ұлттық нышандарымызды дәріптеу үрдіске айналған.



Наурыз мейрамында дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, күрес, қыз қуу, алтыбақан тебу, т.б.) ұйымдастырылады. Солай, мерекеден ән салып, би билеумен, ақындар айтысы, түрлі спорттық сайыстармен жалғасып кете береді.

21-22 наурыз күндері ауа-райы ерекше болып тұрды.

«Универсиада» көшесінің бойындағы алаңға халық көп жиналған. Мерекелік

көңіл күйлері де жоғары. Шұрқыраса табысқан таныстар бір-бірімен көрісіп жатты.

Алаң төрінде орналасқан үлкен сахнадан төгілген күмбірлеген күйден кеудемізді керемет бір сезім бөлесе, қаз-қатар тігілген қазақ үйлердің алдындағы көрмелер де келген жұрттың қызығушылығын арттырып өзіне тарта түсуде.

Көрмеге қойылған түрлі жәдігерлер де ата-бабамыздың жүріп өткен жолынан сыр



риза. Наурыз мерекесіне арнайы қонақ ретінде «Жауынгер» Ауғаныстан соғысының ардагерлерін, «ALTYN TIME» мүгедектер қоғамы мүшелерін, Алматы қаласы Мемлекеттік архив ұжымы мен Алматы қаласы Кітапханалар желісі ұжымы шақырылды. Қонақтар мен мерекені тойлауға жиналған қала халқына көтеріңкі көңіл-күй силауда біздің қоғамның іс-шарасына қатысып, қолдау көрсеткен «Парасатты жастар» Қоғамдық бірлестігінің басшысы Жұмабекова Алуа Жұмағалиқызына, Қонаев қорының қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сраилов Бек мырзаға, «Қазақ Әлемі» Республикалық қоғамдық бірлестігінің басшысы Мұхтархан Мамырбекұлына, «Ғұмырдария» Шығармашылық орталығының Бас продюсері Болат Сабырқұлұлына және «Әлмерек баба» Қорының Құрылтайшысы Ербол Сай-

шерткендей көпшіліктің көңілінен шығып жатқаны даусыз. Әрбір құрылған үйлер де өз ерекшелігімен баурай түседі.

Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» Республикалық қоғамдық бірлестігімен «Парасатты жастар» Қоғамдық бірлестігі қосыла жабдықтап әшекейлеген қазақ үйдің алды да ығы-жығы халыққа толы.

Мерекені тойлауға жиналған жұрт Желтоқсан ардагерлері атындағы киіз үйдің алдында балаларын Желтоқсан батырларымен бірге естелік суретке түсіріп жүрсе, енді бір тобы Д.Қонаевтың бейнесі тоқылған кілемше алдында қыран бүркітті қолдарына алып балаларымен бірге суретке түсіп, қазақ үй алдындағы түрлі спорттық ойындарды, әншілердің әнін тамашалады.

Ұлы күнде Алатау дәстүрлі театрдың алаңына тігілген әсемделген ақшаңқан киіз үйі алдында сәнді киінген желтоқсан ардагерлері ұлттық киімдерімен мерекелік шараны ұйымдастыруда екі күн бойы жұдырықтай жұмылып бірлесе қызықты өткізуге атсалысты. Серік Нәсілжанұлы, Ербол Қыдырбаев, Алма Ахтановалар бастаған, т.б. белсенділік танытқан барша «Желтоқсан ақиқаты» Республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшелеріне қоғам төрағасы дән

дыбақасұлына Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» Республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат Құрымбаев ризашылығымен шын көңілден алғысын білдірді. Мереке мерекеге жалғасып, той соңында шақырылған қонақтар мен тойлауға жиналған көрермендерді Наурыз мерекесімен қатар келген қасиетті Рамазан айымен құттықтап тұтқан оразаларыңыз қабыл болсын дей отырып аузы берік жандарды ауызашарға шақырып, дастарқан төрінен орын берілді.

«Құтты қонақ келсе қой егіз табады»-демекші, мереке барысында той қонақтарын, аудан халқын құттықтауға келген Алатау ауданы әкімі Малыбаев Талғат Жанболатұлы бастаған әкімшілік мүшелері осы жиында біздің арнайы “Желтоқсан ақиқаты” ҚБ-нің ардагерлерін мерекемен құттықтап, дастарқан дәмінен ауыз тиіп тойда атсалысқан ұйым мүшелеріне рақметін айтты.

Дастарқан басында бірін бірі жаңа жылмен құттықтасып, еліміз тыныш, халқымыз аман болып жылдан-жылға, оразадан оразаға жете берейік деген тілектер айтылды.

**Серік ЖИЕНБАЕВ,
желтоқсан ардагері**

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Куәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҮСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.4.2025 ж. жіберілді. Басуға 20.4.2025 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 4. Таралым 1360.

Журнал айына бір рет жарық көреді.
Журналдың төрімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МҚ» ЖШС-нің компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,
Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: zanreklama@mail.ru

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: zanreklama@mail.ru

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»